



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

**Интернетке арналған IEEE ұсынылатын тәжірибесі
Веб-сайттарды әзірлеу, веб-сайттарды басқару және
веб-сайттардың өмірлік циклі**

**Рекомендуемая практика IEEE для Интернета
Разработка веб-сайтов, администрирование веб-сайтов и
жизненный цикл веб-сайтов**

ҚР СТ ИСО/МЭК 23026-2011

*ISO/IEC 23026- 2006 - Software Engineering -- Recommended Practice for the Internet –
Web Site Engineering, Web Site Management, and Web Site Life Cycle (IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Интернетке арналған IEEE ұсынылатын тәжірибесі. Веб-сайттарды әзірлеу, веб-сайттарды басқару және веб-сайттардың өмірлік циклі

ҚР СТ ИСО/МЭК 23026-2011

ISO/IEC 23026- 2006 - Software Engineering -- Recommended Practice for the Internet – Web Site Engineering, Web Site Management, and Web Site Life Cycle (IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ базасындағы №34 «ақпараттық технологиялар» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2011 жылғы 17 қарашадағы №625-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO IEC 23026 - Software Engineering -- Recommended Practice for the Internet -- Web Site Engineering, Web Site Management, and Web Site Life Cycle («ISO/IEC 23026 Интернетке арналған IEEE ұсынылатын тәжірибесі. Веб-сайттарды әзірлеу, веб-сайттарды басқару және веб-сайттардың өмірлік циклі») халықаралық стандартына қатынасы бойынша бірдей.

ISO/IEC 23026 халықаралық стандарты ISO/IEC JTC 1 ақпараттық технологиялар техникалық комитеті, SC 7 ішкі комитет, Программалық қамтамасыз ету және жүйе техникасы әзірлеген.

Ағылшын тілінен аудармасы (en).

Сәйкестік дәрежесі - бірдей, IDT.

Осы мемлекеттік стандарт дайындалған (әзірленген) және сілтемелер жасалған халықаралық стандарттардың ресми даналары Мемлекеттік техникалық регламенттер және стандарттар қорында бар.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімінде және стандарт мәтінінде сілтемелік халықаралық стандарттар өзектендірілген.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2017 жыл
5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні – ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған немесе ауыстырған (жойған) жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады.

Мазмұны

1. Шолу	1
2. Нормативтік сілтемелер.....	3
3. Терминдер және анықтамалар.....	5
4. Белгіленулер және қысқартулар.....	6
5. Жобалау тәжірибесі.....	7
6. Серверге қатысты ұсыныстар, HTTP қолдану және сайтты ұйымдастыру.....	22
7. Веб-бет тақырыбындағы ақпарат.....	27
8. Веб-беттегі ақпарат.....	30
А қосымшасы (ақпараттық) Библиография.....	43
В қосымшасы (ақпараттық) алдағы және қосымша әзірлемелердің әлеуетті ортасы.....	51
С қосымшасы (нормативтік) XML тэгтер және HTML атрибут мәндері.....	52
D қосымшасы (ақпараттық) Индекстеуге және жіктеуге арналған метадеректер.....	53
E қосымшасы (нормативтік) Роботтарды бұғаттау.....	57
F қосымшасы (ақпараттық) Құпиялылық туралы өтініш мәтіні.....	59
G қосымшасы (ақпараттық) Талаптардың бақылау тізімі.....	61
H қосымшасы (ақпараттық) Түстердің қиысуы: түстедің көзбен шолу айырмашылықтарының және сандық мәндерінің кестелері.....	70
I қосымшасы (нормативтік) 36 CFR 1194 талаптарымен байланыс.....	73
Көрсеткіш.....	77

Кіріспе

Осы кіріспе IEEE Std 2001-2002 стандартының, Интернетке арналған IEEE тәжірибелік ұсыныстары. Веб-сайттарды әзірлеу және әкімшілік ету. Веб-сайттың уақытша ресурсы бөлігі болып табылмайды.

Дүниежүзілік World Wide Web өрмек үнемі кеңейеді, және ақпаратты іздеу және беру әдісі ретінде орын алатын рольде үнемі өседі. Керекті ақпаратты іздеу үшін веб-беттер дұрыс индекстеу бірге жүретіндей болуы қажет. Егер қолданушылар керекті бетті тапса, бірақ оған маңызды ақпарат онда болмаса, оның көңілі қалады, және құрылған веб-қосымшаны өзінің міндетіне сәйкес келмейді деп санауға болады.

Осы құжат веб-сайттарды әкімшілік етудің жиналған тәжірибе негізінде құрылған 1999 жылы шығарылған «тәжірибелік ұсыныстар» қайта өңдеуі болып табылады. IEEE Std 2001-1999 стандартқа негізделген осы редакция осы стандарттың веб-сайттың қарапайым да «ішкі бақылау» да жататын мәселелерін есепке ала отырып, өзімен кеңейтуді ұсынады (“managed”) (Интранет және Экстранет қарапайым сайттарына қарама-қарсылық) соңғысы қолданушылар үшін, сондай-ақ веб-әзірлемелердің жалпы құндылығын және тиімділігін арттыру үшін веб-беттердің сапасын арттыру мақсатында корпоративтік және ұйымдастыру қосымшаларында қолданылуы мүмкін. Осы тәжірибелік ұсыныстар Интернет желілері сияқты (ұйым ішінде) Экстранет желілеріне де (бірлесе жұмыс істейтін ұйым топтары арасында) ішкі бақылау веб-сайттарына басты үлгіде бағдарланған. Басқа жобалар Internet (IBPwg) озық тәжірибені енгізу жөніндегі жұмыс тобымен қарастырылады IEEE компьютерлері жөніндегі мамандар қоғамдастығы. Ағымдағы әзірлемелер жөнінде <http://dx.doi.org/10.1041/standard/2001> қараңыз.

Веб-беттерді әзірлеушілер веб-сайттарды әзірлеудің және жүргізудің ағымдағы аспектілерін аз көңіл бөледі. Кейбір сайттарда деректерде кірудің соңғы құралдарын талап ететін презентацияның «жаңартылған» әдістерін қолданады. Осындай стратегия осы сайт үшін қойылатын іскерлік міндеттерге қарама-қарсы айтылады. Басқа сайттар, керісінше, олар моральдық ескіргеннен кейін құнды ресурстарды алып тастай отырып жұмыс істеуін жалғастырады (әсіресе егер осы ресурстар ұйымда деректерді индекстеу сұлбасында қосылған және индекстеу және іздеу қызметтерінің сұранысына жауап беру үшін қолданылады). Жеткіліксіз әзірленген сапалы веб-беттер өнімсіз, қолданушыларға қатынасы бойынша достықта емес, және сотпен шешу себептері болуы мүмкін.

Қай сәтті World Wide Web немесе нақты сайт танымал емес болатынын дәл болжалдауға болмайды. Көптеген веб-жобалар үшін сайттың уақытша ресурсы біршама төмендеуі мүмкін немесе мүлдем көңілге алынбайтыны туралы әзірлеушілердің қауіптенгені жөн. Коммерциялық өнімдер үшін олардың құндылығының төмендеуі бойынша бұрынғы және алдағы нұсқауларын қайта өңдеу, басқа форматтарды таңдау және программалаудың басқа тілдерін қолдану талап етілуі мүмкін. Корпоративтік веб-сайттар корпорацияның өмір сүру уақыты ішінде ғана болуы мүмкін, бірақ қоғамдық сайттар және басқа ұйымдардың сайттары көптеген жылдар жұмыс істеуі мүмкін. Осы сайттардың негізгі ішіндегісін жаңарту

ойламаған дизайн жағдайында ғана талап етілуі мүмкін. «Еркіндіктің ұлы хартиясы» және Шекспир шығармасы – ақпараттық құрамның тұрақтылығының мысалы.

Тәжірибелік ұсыныстар және осы құжаттың талаптары веб-дизайн саласында инвестиция қатерін азайту мақсатында әзірленген. Осы ұсыныстардың мынадай редакцияларының шығарылымы болжанады: оларға Web ортасының өзгерісі ғана әсер етпейді, бірақ веб-беттерге қатысты «тәжірибелік ұсыныстар» термин қолданған жақсы. Клиент-серверлік платформалар технологиясының тез дамуына әсер ететін «Web ортасындағы жылдар саны» жалпы ұғымы бар. Сондай-ақ веб-беттер (дәлірек айқанда, ақпараттық құрам және ақпараттық қызметтерді ұйымдастыру) дамитындығына не болмаса осы жылдамдықта дамитындығына сүйене отырып осы ұғымды шығынды және ақпараттық негізсіз қолдану бар. Кейбір веб-беттер тағы да көптеген жылдар қызмет етеді, және былтырғы жылғы беттерді қайта өңдеуге капитал салу мақсаттылығы iv © IEEE 2003 контекстінде негіздемені талап етеді – Іскерлік операциялардың барлық құқықтары сақталады (ішкі бақылау сайттары үшін анықтаушы болып табылады). Web ортасындағы операциялар құндылығы ең аз шығынмен қажетті уақытта керекті адамдарға қызмет және керекті ақпаратты ұсынудан тұрады. Сондықтан веб-әзірлемелердің жемісі ең алдымен қолданушылардың мақсатты қоғамдастығының ағымдағы қажеттілігі есебімен және олармен керекті ақпаратты таңдаумен, веб-платформалар үшін тез дамитын технологияларды қолданбай-ақ анықталады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

**Интернетке арналған IEEE ұсынылатын тәжірибесі
Веб-сайттарды әзірлеу, веб-сайттарды басқару және
веб-сайттардың өмірлік циклі**

Енгізілген күні 2013-01-01

1 Шолу

Осы тәжірибелік ұсыныстар ішкі бақылау веб-сайттарына арналған сапалы әзірленген веб-беттердің құрылуына және құрастыруларға жататын нұсқауларды құрайды. Осы ұсыныстар мақсатында осы веб-сайттардың операцияларының тиімділігін көбейту болып табылады:

- a) қолайлы ақпараттың орналасқан жерін анықтау,
- b) қолдануды жеңілдету,
- c) құқықтық жауапкершілік ауқымын тарылту, және
- d) тиімді әзірлемені және техникалық сүйемелдеуді қолдау.

Осы тәжірибелік ұсыныстар нақты жеткізушілермен және программалық өнімдермен байланысты емес аспектілерді жазуға бағытталған.

Мұнда веб – беттердің дизайнымен және әзірлемесімен айналысқан тұлғаларға арналған, сондай-ақ веб-сайттарды әзірлеу жөніндегі жетекшілік ететін нұсқауларды дайындауға жауапты менеджерлерге арналған нұсқаулар келтірілген.

1.1 Қолданылу саласы

Осы құжатта World Wide Web (W3C®) Консорциумының жетекшілік ететін нұсқауларына және басқа олармен байланысқан жетекшілік ететін нұсқауларына негізделген Интранет және Экстранет орталарына арналған веб-сайттардың беттерін әзірлеу жөніндегі тәжірибелік ұсыныстар қалыптастырылған. Осы тәжірибелік ұсыныстарда веб-беттерді әзірлеуге жататын және әзірлемелердің үлгілік тәжірибесін құрайтын шеңберден шықпайтын адами фактордың әсері немесе стилистика мәселелері қарастырылмайды. В қосымшасында жеткілікті мөлшерде сыналмаған аспектілер және нақты ұсыныстар қосылмаған осы құжаттың ағымдағы шығарылымына арналған аспектілер қарастырылған.

1.2 Міндет

Осы тәжірибелік ұсыныстар веб-беттердің әзірлеменің ұсынылған тәжірибесін қолдануға Интранет (ұйым ішінде) және Экстранет (қатысатын ұйымдардың шектеулі домені ішінде) веб-орталарындағы веб-беттердің әзірлеушілерінің бағдарлауына арналған. Ақпараттың, әзірлеу процедураларын және техникалық сүйемелдеудің орналасқан жерін анықтауға арналған Интранет-Экстранет веб-операцияларының тиімділігін арттыру мақсат болып табылады.

IEEE Std 2001-1999 [B14] стандартының А қосымшасында қойылған мәселелер осы Тәжірибелік ұсыныстардың 2002 жылғы редакциясында қарастырылады¹. Осы мәселелер жаңа технологияларға сәйкестігін қамтамасыз ету және жаңа материалды қолдануға

¹ А қосымшасында келтірілген Библиографиядағы реттік нөмірлерге жақша ішіндегі квадратты сандар сәйкес келеді.

немесе мақұлданған ұсыныстарды өзгертуге әкелген тәжірибелік жүзеге асырулардағы өзгерістер есепке алу мақсатында қатаң анықталуы мүмкін. Веб-сайттарды әзірлеу және жариялау кезінде осы тәжірибелік ұсыныстардың сәйкестігі сапалы әзірленген веб-сайттарды құру үшін негіз болып табылады.

1.3 Сәйкестік

Осы тәжірибелік ұсыныстарда сәйкестіктің екі типі анықталған: “IEEE Std 2001-2002 сәйкес келетін веб-бет” және “IEEE Std 2001-2002 сәйкес келетін веб-беттерді құруға арналған құрал”. Осы құжаттың мәтінінде *muic* етістігін қолдану стандарт талабын көрсетеді, *жөн* етістігін қолдану ұсыныстарға, ал *мүмкін* етістігін қолдану мүмкін болатын нұсқаға немесе осы Тәжірибелік ұсыныстарда жіберілетін кері қайтуларға көрсетеді. Бұған қарамастан қолданушыларға ұсыныстарда келтірілгендерге көңіл бөлгенді ұсынады, осы ұсыныстарды жүзеге асыру осы стандарттың веб-беттерге сәйкестігі үшін қажетті талаптары болып табылмайды.

1.3.1 IEEE Std 2001-2002 сәйкес келетін веб-бет

Осы стандартқа сәйкес келетін веб-бет - бұл осы Тәжірибелік ұсыныстардың барлық талаптары жүзеге асырылған веб-бет. Осы тәжірибелік ұсыныстарға веб-беттердің сәйкестігінің констатациясы үшін мынадай тэг қолданылуы мүмкін:

```
<span class="IEEEstd2001">  
  <a href= "http://dx.doi.org/10.1041/standard/2001/2002/logo/use"  
  <img src= "http://dx.doi.org/10.1041/standard/2001/2002/logo"  
  alt="IEEE Computer Society Best Practices axV2 Logo"  
  width="80" height="40" />  
  </a>  
</span>
```

ЕСКЕРТПЕ HTML сілтемесінің адресінде HREF мәні осы Тәжірибелік ұсыныстардың әр жаңа нұсқасының шығарылымы кезінде ауыстырылуы мүмкін. Программалық құралдарда бұл мән стандарттың қолданылатын нұсқасын анықтау үшін пайдаланған жөн.

Сурет файлы қатысты адресімен Бірыңғай ресурс идентификаторының көмегімен (URI) сілтеме бойынша жүктелуі және берілуі мүмкін, бірақ соңғы HTML-файл сілтемесінде абсолютті адресімен URI қолданылуға тиіс.

Осы Тәжірибелік ұсыныстардың 4.1.10 т. сәйкес бетте осы стандартқа сәйкестігін көрсететін meta операторы қолданылуы мүмкін. Ол мынадай түрге ие:

```
"<meta name="guideline" content="computer.org/2001/2002" />
```

1.3.2 IEEE Std 2001-2002 сәйкес келетін веб-беттерді құруға арналған құрал

Егер төменде тізбектелген барлық талаптарды қанағаттандырса, сапалы әзірленген веб-беттерді динамикалық құруға арналған программалық өнім немесе аспаптық авторлық құрал IEEE Std 2001-2002 сәйкес келеді:

- а) Концерн W3C XHTML DTD бойынша ұсыныстарға сәйкес келетін беттер өндіріледі не болмаса DTD барлық сипаттары құжаттандырылады.
- б) Қолданушымен жасалған DTD таңдауға сәйкес келетін беттер өндіріледі.
- в) HTML 3.2 нұсқасы және өте соңғы нұсқалары үшін не болмаса XML үшін; 1.0 және жоғары нұсқаларының (CSS) стильдерінің каскадты кестелері ұсталынады, не

болмаса XSL тілі ұсталынады. Осы жағдайлардың әрқайсысында тиісті функцияларды қолдану құжатталуға тиіс және қандай ұсыныстар ұсталынатыны көрсетілуге тиіс.

d) Осы Тәжірибелік ұсыныстардың барлық талаптарына, ұсыныстарына және опцияларына сәйкес келетін беттер өндіріледі. Қолданушының таңдауы бойынша ұсыныстарға сәйкес келмейтін беттер құрылуы мүмкін (бұл ретте бетте IEEE 2001 тәг қолданылмауы мүмкін).

e) Аспаптық авторлық құралдарға арналған қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі Web Консорциумының жетекшілік ететін нұсқаулары қолданады (2.8 қараңыз).

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Осы тәжірибелік ұсыныстар келесі жариялымдармен бірге қолданылуға тиіс. Төменде келтірілген мақұлданған ұсыныстардың жариялымдарын ауыстырған жағдайда осы мақұлданған редакциялар қолданылуға тиіс. Ақпараттық библиографиялық сілтемелер А қосымшасында келтірілген. Осы Тәжірибелік ұсыныстарда жариялым сәтінде қолданылатын Бірыңғай ресурстар көрсеткіштері (URL) қолданылады.² Нормативтік және ақпараттық сілтемелік көрсеткіштер URL тізімі мына адрес бойынша қолжетімді: <http://dx.doi.org/10.1041/standard/2001/2002/references>.

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Халықаралық, өңірлік және шетел мемлекеттерінің ұлттық стандарттарын, Қазақстан Республикасындағы стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

*ISO 639-1:2002 Тілдер атауларын ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. 2-алфавиттік кодтар.

*ISO 639-2:1998 Тілдер атауларын ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. 3-алфавиттік кодтар.

*ISO 3166-1:1997 Елдер атауларын ұсынуға және олардың әкімшілік-аумақтық бөліну бірліктеріне арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары.

*ISO 4217:2001 Валюталарды және ақшалай қаражаттарды ұсынуға арналған кодтар.

*36 CFR 1194 Электрондық және ақпараттық технологияларға арналған қолжетімділікті қамтамасыз ету стандарттары. Федералдық тізілім 2000 ж 21 желтоқсан.; АҚШ федералдық қаулыларының жиынтығы (CFR).³

*Аспаптық авторлық құралдарға арналған қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі жетекшілік ететін нұсқаулар 1.0, 2000 жылғы 3 ақпандағы W3C ұсыныстар., Веб-беттерді құру құралдарына арналған қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар.⁴

*HTML 4.01 спецификациясы, W3C ұсыныс 1999 ж 24 желтоқсан.^{5, 6}

² Егер W3C ұсыныстарына тура кіру мүмкін болмаса, оларды басты сайттан табуға болады: <http://www.w3.org>.

³ Осы құжат жөнінде <http://www.access-board.gov/sec508/508standards.htm> қараңыз.

⁴ Осы құжат жөнінде <http://www.w3.org/TR/ATAG10/> қараңыз.

⁵ Осы спецификацияларда World, Wide, Web ортасында жариялым үшін қолданылатын гипермәтінді белгілердің тілінің анықтамасы келтірілген. Осы құжатта HTML 4 жаңартылған нұсқасы болып табылатын HTML 4.01 нұсқасы үшін анықтама берілген. Мәтінге, мультимедиялық тиімділіктерге және гиперсілтемелерге жататын HTML (HTML 3.2 [HTML32], [B60] қараңыз және HTML 2.0, [B20] қараңыз) алдыңғы нұсқалары үшін толықтыруларға қосымша HTML 4 нұсқасында мультимедиялық тиімділіктер үшін көзі нашар көретін және құлағы нашар еститін қолданушылар үшін құжаттардың қолжетімділігін қамтамасыз ететін опциялар саны, сценарий тілдерінің көптеген сандары, баспаның және құралдардың кеңейтілген мүмкіндіктері ұсталады. Бұдан басқа, HTML 4 нұсқасында Web World Wide дүниежүзілік өрмек жасауға мүмкіндік беретін құжаттарды локальдау көптеген маңызды мәселелері шешілген. HTML 4 ISO 8879:1986 [B43] стандартына сәйкес келетін SGML қосымшасы болып табылады.

⁶ Осы құжат жөнінде <http://www.w3.org/TR/1999/REC-html401-19991224> қараңыз.

*W3C REC-CSS1-19900111 Стильдердің каскадты кестелері жөніндегі W3C ұсыныстар, 1-деңгей.

*1996 жылғы 17 желтоқсандағы W3C ұсыныс, 1999 жылғы 11 қаңтардағы қайта өңделген редакция.^{7 8}

*W3C REC-CSS2-19980512 Стильдердің каскадты кестелері жөніндегі W3C ұсыныс, 2-деңгей үшін CSS2 спецификация. 1998 жылғы 12 мамырдағы W3C ұсыныс^{9 10}

*Веб-құжат W3C WAI 19990505, 1.0 веб-ішіндегісін қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жетекшілік ететін нұсқаулар, Веб-беттердің авторларына арналған WAI бастамасының жетекшілік ететін нұсқаулары, W3C, 1999 жыл 5 мамыр.^{11 12}

*XHTML™ 1.0: Гипермәтінді белгілердің кеңейтілген тілі. XML 1.0 терминдерінде HTML 4 жаңа тұжырымы. 2000 жылғы 26 қаңтардағы W3C ұсыныс.^{13 14}

*- ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

⁷ Осы құжатта стильдердің каскадты кестелерінің механизміне арналған 1-деңгей анықталған (CSS1). CSS1 механизмі – авторлар мен оқырмандарға стильдерді HTML-құжаттарына біріктіруге мүмкіндік беретін стильдер кестелерінің қарапайым механизмі (беретін, мысалы, шрифтер, интервал түстері). CSS1 тілі қабылдау және программалау үшін қолайлы, және осы тілдегі стильдер үстел үсті баспа жүйелерінде қабылданған терминдерде сипатталады. CSS басты ерекшеліктерінің бірі стильдер кестелерін каскадтау болып табылады: авторлар стильдер кестелерін біріктіре алады, ал қолданушылар адами қабылдау немесе техникалық қиындықтар үшін қолайсыздық жағдайында түзетуге арналған жеке стильдер кестелерін беруі мүмкін. Осы спецификацияда стильдер кестелері арасындағы шиеленістерді шешу ережелері анықталған.

⁸ Осы құжат жөнінде <http://www.w3.org/TR/REC-CSS1> қараңыз.

⁹ Осы спецификацияда 2-деңгейлі каскадты стильдер кестелері анықталған (CSS2). CSS2 тілі – бұл авторлар мен қолданушыларға стильдерді құрылымдық құжаттарға біріктіруге мүмкіндік беретін стильдер кестелерінің сипаттау тілі (мысалы, HTML-құжаттарына немесе XML қосымшалары). CSS2 ішіндегісінен құжаттарды ұсыну стильдерін оқшаулауға қатысты Web-әзірлемесін және сайттарды әкімшілендіру жеңілдетіледі. CSS2 механизмі CSS1-не негізделген, және жиі кездесетінінен басқа CSS1 барлық шақтамалы стильдер кестесі шақтамалы CSS2 стильдердің кестелері болып табылады. CSS2 ақпарат тасымалдағыштардың әртүрлі типтері үшін стильдердің кестелері ұсталады, бұл авторларға әр түрлі браузерлердің, дыбысты шығару f1.85 құрылғылары, принтерлер, көзі нашар көретін құрылғылар, портативті құрылғылар және т.б көмегімен презентация үшін өзінің құжаттарын оңтайландырады. Осы спецификацияда сондай-ақ ішіндегісінің ережесі, жүктелген шрифтер, кестелерді құрастыру, локальдау құралдары, автоматты есептегіштер және автоматты нөмірлеу, сондай-ақ қолданушы интерфейсіне жататын сипаттар қатары түзету ұсталады.

¹⁰ Осы құжат жөнінде <http://www.w3.org/TR/REC-CSS2/> қараңыз.

¹¹ Осы жетекші ететін нұсқауларда веб-ішіндегісі көзі нашар көретін және құлағы нашар еститін адамдар үшін қолжетімді қылатынын сипатталады. Осы нұсқаулар веб-ішіндегісін әзірлеушілерге арналған (бет авторлары және дизайнерлері), сондай-ақ аспапты авторлық құралдарға арналған. Осы құжаттың басты мақсаты дене кемшіліктері бар адамдар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге көмектесу болып табылады. Алайда осы нұсқаулардың талаптарын орындау олармен қолданылатын құралдарға (ДК үстел үсті браузерлері, аудио-браузер, мобильді телефон, автомобильді ДК және т.б) және осы құралдарды пайдаланудың қолайсыздығына (шуылды жай, жеткіліксіз немесе артық жарықтандыру, рульде жұмыс істеу және т.б) байланысты веб-ішіндегісін аса қолжетімді етеді. Бұдан басқа, осы талаптарды орындау қолданушыларға желідегі ақпаратты тез табуға мүмкіндік береді. Нұсқауларда суреттерді, бейнематериалды және т.б қолданудан бас тартуға веб-дизайнерлердің кеңесі жоқ: онда мультимедиялық ішіндегісін кең аудитория үшін қолжетімді етіп қалай жасауға болатыны түсіндірілген.

¹² Осы құжат жөнінде <http://www.w3.org/TR/WCAG10> қараңыз.

¹³ Осы спецификацияда XML 1.0 терминдерінде HTML 4 қайта құру болып табылатын XHTML 1.0 тілі, сондай-ақ HTML 4 анықталған сипаттауларға сәйкес келетін үш DTD анықталған. Элементтер семантикасы және олардың атрибуттары HTML 4 арналған W3C ұсыныстарында анықталған. Бұл семантика – XHTML алдағы кеңейтулерге арналған негіз. Ережелердің шамалы жиынтығын басшылыққа ала отырып, HTML қолданушы агенттерімен үйлесімділігін қамтамасыз етуге болады. XHTML HTML 4.0 қайталайтын, қосатын және кеңейтетін құжаттардың және модульдердің

қолданылатын және алдағы типтерінің түрлері берілген. XHTML 1.0 жаңа құрылғылардың және қосымшалардың кең класын қолдау мақсатында XHTML кеңейтетін және қосатын құжаттар типтерінің түрлерін әзірлеуге арналған негізді береді. Бұл осындай модульдерді біріктіру механизмдерінің модульдерін және тапсырмасын анықтау жолымен жүргізіледі. Механизм жаңа модульдерді анықтау көмегімен біркелкі тәсілмен XHTML 1.0 типтерінің ішкі жиынын қосуды және кеңейтуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

¹⁴ Осы құжат жөнінде <http://www.w3.org/TR/xhtml1> қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша жыл сайын шығатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» атты ақпараттық сілтемелер және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын шығатын ақпараттық сілтемелер бойынша сілтемелік стандарттар қолданысын тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ережелер осы сілтемеге қатыссыз бөлімде қолданылады.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Мұрағаттық беттер (archival pages): 1) өзгеріс және 2) бұдан әрі қызмет көрсету ұсынылмайтындарға арналған онлайн деректер. Бұл деректер алдағы құралдармен тез арада жаңғырту үшін жарамсыз болуы мүмкін.

3.2 Дененің мета деректер (body metadata): Қолданушыларға және әкімшілерге арналған әкімшілік ету және/немесе навигация құралдарын ұсынатын HTML-құжаттың элементтері.

3.3 cookie объекті (cookie): Деректер көзі болып қызмет ететін объектілер жағдайының маңызды өзгертулер деректерді алушылардың нұсқауларын немесе сигнал беру үшін қолданылатын мөлшерлі құрылымдық бірлік. Веб-сайттар клиенттік қолданушы жүйесі бар cookie объектілер қабылдануы мүмкін және транзакция жағдайының дұрыстылығын және қолданушы идентификациясының жағдайын бақылауды қоса алғанда деректер жағдайын бақылау мақсатында сақтауы мүмкін.¹⁵

3.4 Экстранет (Extranet): Нақты міндеттерді шешу үшін бір бірімен қосылған бірнеше ұйымдардың интранет желілерінің жиынтығы.

3.5 Интранет (Intranet): Ұйым ішінде қолданылатын ішкі бақылау желісі. Ұйымда Интранеттің бірнеше оқшауланған желілері болуы мүмкін.

3.1.6 Ішкі бақылау желісі (managed network): Нақты ұйымдастыру немесе іскерлік міндеттерді шешу үшін бір немесе бірнеше ұйымдармен жасалған және басқарылатын желілердің желісі немесе желілер жиынтығы.

3.7 Ішкі бақылау веб-сайты (managed Web site): Ұйымның жетекшілік ететін нұсқауларына сәйкес жасалған және бірге жүретін сайт.

3.8 Айналы сайт (mirror site): Ереже бойынша резервтеу және тез әрекет етуді көбейту мақсатында, не болмаса локальды кіру үшін басқа хост-машинада қызмет көрсетілетін басты сайттың екінші данасы.


3.9 Белгіленген URI (persistent URI): Егер құжаттарда осы ресурсқа сілтеме өзгеруге тиіс емес болса, және керекті объектіге кіру осы идентификатор бойынша мүмкін болса, тіпті егер объектің өзі басқа орынға ауыстырылса, ресурстың бірыңғай идентификаторы (URI) белгіленген.

3.10 Бағынышты веб-сайт (subordinate Web site): Басқа веб-сайттың ішінде болатын сайт.

3.11 Веб-бет (Web page): Клиент жүйесінде берілетін цифрлық мультимедиялық объект. Веб-бет серверде динамикалық өндірілуі мүмкін және клиент жағында не болмаса сервер жағында белсенді басқа элементтер немесе апплеттер қосылуы мүмкін.

¹⁵ (DOM) W3C құжаттарының объектілі модельдерін веб-құжаттың контексінде cookie объектілер жұмыс істейтіндей сипаттайды. IETF RFC 2965:2000 [B23] cookie тұжырымы негізінде HTTP хаттамасы бойынша деректермен алмасу жағдайын басқару үшін ұсынылған стандарт қарастырылады.

3.12 Веб-сайт (Web site): Біртұтас ретінде әкімшілік ететін логикалық байланысқан веб-беттердің жиынтығы. Веб-сайтта бір немесе бірнеше бағынышты веб-сайттар кіруі мүмкін (веб-беттердің веб-сайтта біріктірілген типтік сұлбалар бойынша).



1-сурет – Веб-сайт құрылымдарының үлгілері

ЕСКЕРТПЕ Осы диаграмманың барлық элементтері веб-сайттармен жеке әкімшілік етуі мүмкін. Мұндай әкімшілік ету ұйымдастыру иерархияның қолданылатын саясатына сәйкес орындалады. Атап өткенде, веб-сайттар айқын түрде иерархиялық болып табылмайды: олардың өзара әрекеті ұйымдастыру иерархия айтылуы мүмкін.

3.13 Сапалы әзірленген веб-сайт (well-engineered Web site): IEEE Std 2001-2002 ұсыныстарына сәйкес әзірленген және құрылған веб-сайт.

ЕСКЕРТПЕ Frame, NoFrame және Robot элементтер HTML 4.01 спецификацияларына сәйкес қолданылады.

3.14 Rfield: Адамның оқуы үшін жарамды түрдегі сапалы әзірленген веб-бетте ұсынылған веб-беттің сегменті үшін қолданылатын термин (Reader). Сегмент ішіндегісі әдетте компьютермен түсіндіру үшін қабілетті құрылымға ие емес.

3.15 Mfield: Адамның оқуына арналмаған және компьютермен түсіндіру үшін жарамды (Machine) түрде сапалы әзірленген веб-бетте ұсынылған веб-беттің сегменті үшін қолданылатын термин.

3.16 RMfield: Адамның оқуы үшін де, компьютермен түсіндіру үшін де жарамды сапалы әзірленген веб-бетте ұсынылған веб-беттің сегменті үшін қолданылатын термин (Reader/ Machine).

4 Белгіленулер және қысқартулар

CSS	Стильдердің каскадты кестелері (Cascading Style Sheets)
CSS1	1-деңгейлі стильдердің каскадты кестелері
CSS2	2-деңгейлі стильдердің каскадты кестелері
DHTML	Динамикалық HTML (Dynamic HTML)
DNS	Домен аттарының қызметі (Domain Name Service)

DO Identifier™)	Цифрлы нысандардың I Идентификаторы™ (Digital Object Identifier™)
DTD (Document Type Definition)	Құжат типін анықтау (XML немесе SGML спецификациясы үшін)
GIF	Графикалық деректермен алмасу пішімі (Graphics Interchange Format)
HREF	HTML сілтемелерінің көрсеткіші (HTML reference designator)
HTML	Гипер мәтіндердің белгілер тілі (HyperText Markup Language)
HTTP	Гипер мәтінді беру хаттамасы (HyperText Transfer Protocol)
IBPwg (Internet Best Practices Working Group)	Интернеттің озық тәжірибесін енгізу жөніндегі жұмыс тобы (Internet Best Practices Working Group)
IETF (Internet Engineering Task Force)	Интернет инженерлерінің жұмыс тобы (Internet Engineering Task Force)
IP	Интернет хаттамасы (Internet Protocol)
IPR	Зияткерлік меншікке құқық (Intellectual Property Rights)
ISBN (International Standard Book Numbers)	Халықаралық стандарттық кітап нөмірлері (International Standard Book Numbers)
JPEG	Фотосурет бойынша бірлескен сараптама тобы (осы топ кескінінің пішімі) (Joint Photographic Experts Group)
NMG	Анимацияланған желілік графика (Network Motion Graphics)
PDA (Personal Digital Assistant)	Қалтаға арналған ДК «Дербес цифрлық ассистенті» (Personal Digital Assistant)
PICS (Platform for Internet Content Selection)	Интернет құрамын іріктеуге арналған платформа (Platform for Internet Content Selection)
PNG	Ауыспалы желілік графикасы (Portable Network Graphics)
RDF	Ресурстарды анықтау сұлбасы (Resource Definition Framework)
SGML (Standard Generalized Markup Language)	Жалпыланған белгілердің стандартты тілі (Standard Generalized Markup Language)
SI Units	СИ бірліктері (метрикалық бірліктердің қазіргі Халықаралық жүйесі)
TCP	Деректерді беруді басқару хаттамасы (Transport Control Protocol)
URI	Ресурстың бірыңғай идентификаторы (Uniform Resource Identifier)
URL	Ресурстың бірыңғай көрсеткіші (Uniform Resource Locator)
URN	Ресурстың бірыңғай уақыты (Universal Resource Name)
UTC	Әмбебап үйлестірілген уақыт (Coordinated Universal Time)
WAI (Web Accessibility Initiative)	W3C консорциумын құрайтын вебтің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі бастама (Web Accessibility Initiative)
W3C	WWW Бүкіләлемдік тор консорциумы (World Wide Web Consortium)
XHTML (Extended HyperText Markup Language)	Кеңейтілген гипер мәтінді белгілеу тілі (Extended HyperText Markup Language)
XML	Белгілеудің кеңейтілген тілі (Extensible Markup Language)

5 Жобалау тәжірибесі

Сапалы әзірленген веб-сайтты әзірлеуші жоба жоспарын дайындаған жөн немесе сапалы әзірленген веб-сайтың барлық өмір сүру циклін сипаттайтын маңызды жоспарға сәйкес, оның әзірлемесін, сүйемелдеуін және қолдануды тоқтатуын қоса ала отырып, әрекет еткені жөн. Сапалы әзірленген веб-сайт жобасының жоспарында ең төменгі және ең жоғарғы веб-сайтының бағалау уақытша ресурсына қатысты пікір ескерілуге тиіс.

Жоба жоспарында веб-сайтты сүйемелдеу қолайлығы мәселелерін, сондай-ақ күндерге (7.4 қараңыз) және байланыс ақпаратына (құпиялылыққа байланысты 4.2.6

қараңыз, веб-әзірлеуші туралы ақпаратқа қатысты 5.7 қараңыз, сайт орталығына байланысты 5.11. қараңыз) қатысты талаптарды ескерген жөн.

Кейбір сапалы әзірленген веб-сайттардың маңызды міндеті оларға қызығушылық танытқан тұлғаларға нақты ақпарат беру болып табылады. Сапалы әзірленген веб-сайттарда бағалау үшін жарамды көрсеткіштер жиынтығы қолданылуға тиіс. қолданушылардың тиісті топтарының тарапынан ақпаратқа кіру қолайлығы жобалау критерийлер мысалдарының бірі болып табылады.¹⁶

Навигация элементтері, батырмалар, қолданушылар үшін көрінетін дененің мета деректері және әдетте әр түрлі сапалы әзірленген веб-беттерде қатысатын басқа элементтерді барлық сайт үшін келісіліп таңдалған жөн. Бұл келісушілік түр мен функцияның біркелкілігін, сондай-ақ сапалы әзірленген веб-бетте біркелкі орналасуын қамтамасыз етуге тиіс.¹⁷

Осы тәжірибелік ұсынысты сапалы әзірленген веб-сайтты әзірлеуде және сүйемелдеуде уақытты жобалауға көңіл бөлу қажет факторларды табу мақсатында әзірлеменің бұрынғы кезеңдері барысында барлық толықтықта қарастырған жөн.

Әзірлеме кезінде клиент және сервер ортасының сипаттамасы ескерілуге тиіс. өйтпеген жағдайда қолданушылардың кейбір мақсатты топтары тарапынан ұсынылған материалға кіру үшін кедергілер туындауы мүмкін. Жоспарда техникалық тозу және даму мүмкіндігін қарастырған жөн.

Веб-сайтпен қолданушылардың өзара әрекетін сынау үшін беттердің сынамалық нұсқалары әзірленуге тиіс. Жоғары жүктеме режимінде сынақтар бөлігінде сайтты пайдалану уақытында қолданылатын серверлермен жылдам әрекет ететін және масштабты функцияларды бағалау үшін қызмет етуге тиіс.

Интернетке қосылуға қауіпсіздігі бойынша тәжірибелік ұсыныстар IEEE стандарт жобасында, қазіргі күні аталып өткен 2002 жылғы жобада анықталады. Интернетке арналған осы тәжірибелік ұсыныстар Интранет және Экстранет желілері үшін қолданылады. Бұдан кейін, 2002 жылғы IEEE жобасы негізінде IEEE стандарты жарияланады, сапалы әзірленген веб-сайтта осы стандартта жазылатын қауіпсіздік жөніндегі тәжірибелік ұсыныстар ескерілуге тиіс.

Егер сапалы әзірленген веб-сайт күрделі болса, немесе егер онда интерактивті функциялар жүзеге асырылса, онда программалық қамтамасыз етуді әзірлеу және алып жүру үшін тиісті стандарттарды қолдану және программалық өнім ретінде осы сайтты бағалау пайдалы болуы мүмкін. Осы қатынаста мынадай стандарттарды қолдану мақсатты болуы мүмкін:

а) Барлық кезеңдер бойы программалық қамту үшін қолданылатын нақты процедуралар, оның әзірлемесін, пайдалануын және сүйемелдеуін қосатын IEEE/EIA Std 12207.0-1996 [B15] стандарты.

б) Құжаттаманың шығарылымы үшін тіркелуге тиіс деректердің ең төменгі жиынын сипаттайтын IEEE/EIA Std 12207.1-1997 [B16] стандарты.

с) Сынау параметрлерін жоспарлау және анықтау үшін, сондай-ақ сынаулар туралы есептер үшін пайдалы ақпарат келтірілетін IEEE Std 829-1998 [B4] стандарты.

д) IEEE Std 830-1998 [B5] стандарты.

е) Программалық құралдардың дизайнын сипаттауға жататын қажетті мәліметтер мен ұсыныстар келтірілетін IEEE Std 1016-1998 [B7] стандарты.

¹⁶ Осы үлгіде тестілеудің әлеуетті әдістемесі қолданудың қолайлығын сынау болуы мүмкін.

¹⁷ Орналасудың, түрдің және функцияның біркелкілігін тиісті қолданушылардың топтарын сұраныс жолымен немесе көзбен шолып тексеру жолымен бағалауға болады.

f) Жобалық шешімдерді талдау процедуралары түсіндірілген IEEE Std 1028-1997 [B8] стандарты.

g) Программалық қамтамасыз ету жобаларын әкімшілік етуге қойылатын талаптар келтірілген IEEE Std 1058-1998 [B9] стандарты.

h) IEEE Std 1074-1997 [B10] стандарты.

i) IEEE Std 1490-1998 [B13] стандарты.

ЕСКЕРТПЕ Қосымша стандарттар А қосымшасында тізбектелген.

5.1 Жалпы талаптар

5.1.1 Қолданушылардың мақсатты қоғамдастығы

Веб-сайт қолданушылардың бір немесе бірнеше әр түрлі топтарына арналуы мүмкін. Дизайнерлер қолданушылардың осы мақсатты қоғамдастығын анықтауға және құжаттауға тиіс. Осындай қоғамдастықтардың өкілдерді, оның ішінде дене кемшіліктері бар тұлғаларды әзірлеу процесіне және сайттың ағымдағы бағалауына тартқан жөн.

Әзірлеу барысында қолданушылардың мақсатты қоғамдастығы қолданатын клиент ортасы ескерілуге тиіс. Клиент ортасын бағалау кезінде әртүрлі қолданылатын браузерлер, қосымша мүмкіндіктер (мысалы, сценарийлер, байт-кодтар, графикалар және т.б), сондай-ақ байланыс арнасының ені ескерілуге тиіс. Қолданушылардың мақсатты қоғамдастығында экран терезелерінде деректерді шығарудың арнайы форматтары және/немесе суреттің әртүрлі қондырғылары қолданылуы мүмкін, бұл ақпаратты ұсыну үшін нақты шектеулерге әкелуі мүмкін (мысалы, қалта қондырғыларындағы веб-беттердің суреті жағдайында және т.б).

Жүзеге асыру құралдарын тандау (мысалы, серверлер, генераторлар және HTML, CSS, XML «деңгейлері», сценарийлер және т.б) қолданушылардың мақсатты қоғамдастығы мүмкіндіктерін бағалауға негізделген. Веб-сайт дизайнының өзгерісі қажеттілігін туғызуы мүмкін клиент ортасының өзгерістерін анықтау мақсатында сайт жұмысын бақылаған жөн.

Алда қолдану үшін дизайнер веб-сайттың мақсатты ортасының шекарасын құжаттауға тиіс. Барлық желілердің веб-беттеріне қолданылатын құжаттамаларды немесе спецификацияларды әзірлеу пайдалы болуы мүмкін, және осы құжаттың сақталу талаптары немесе сақтауды ынталандыру пайдалы болуы мүмкін. Құжаттамаға өндірілетін беттердің форматтары туралы ережелер, оның ішінде HTML, CSS, және XML нұскалары туралы деректер (және кейбір жағдайларда, ерекше функциялар туралы), сипаты немесе DTD XML сипаты, графикалық форматтар туралы мәліметтер және сценарийлер және/немесе орындалатын байт-кодтар туралы шектеулер және/немесе нұскалар, табиғи тіл туралы мәліметтер (символдық жиындарды көрсету арқылы), байланыс арнасы еніне байланысты пікірлер, сондай-ақ тәжірибелік ұсыныстар деректерінде сипатталған немесе жобалау кезеңінде анықталған басқа сипаттамалар туралы мәліметтер кіруге тиіс. Құжаттаманы нақты деректер негізінде жаңартқан жөн. Нақты жеткізушілері өнімдерінің терминдеріндегі спецификацияларды өнімдерге байланысты тиісті азайту ретінде болдырмаған жөн.

5.1.2 Басты ұсынылатын ақпарат

Қолданушыға ақпаратты беру веб-сайттың негізгі қолданысы болып табылады. Навигацияның мүмкіндігін және айқындылығын қамтамасыз ету – инженерлік әзірлемелердің түйінді принциптері. Мәтіндік емес ақпарат (бейне, графика, дыбыс) беру арнасының біршама бөлігін алуы мүмкін, бірақ түсіну үшін байланысқан және айқын деректерді ұсыну салдарынан басымдылығын ұсынуы мүмкін. Кейбір қолданушылар үшін

баяу беруге байланысты барлық аспектілерді, сондай-ақ көзі нашар көретін тұлғалар үшін және әр тілдерде ұсыну үшін тек мәтіндік деректерді беру, бейімдеу нұсқаларының қажеттілігін ескерген жөн.

Сапалы әзірленген веб-сайттың ақпараттық ішіндегісі редакциялардың мерзімдерінің өту күні және/немесе күндері бойынша сегменттеуі мүмкін және веб-сайттың жалпы құрылымына қосылуы мүмкін. Сапалы әзірленген веб-сайттың дизайны барлық сайт бойынша навигация қажеттілігісіз өзгертілген учаскелердің идентификацияның ашық тәсілі қарастырылуға тиіс. Сегменттеуді беттер деңгейінде ұйымдастырған жөн және өзгертілген беттер тізімінің уақытша ресурсының өту стратегиясын таңдаған жөн.

Жеке ақпараттық жарамдылық мерзімі шектелген. Биржалық ақпарат және телефон кітаптары ақпараттары, өнімнің спецификациялары туралы және ұйым жарғылары туралы деректер, сондай-ақ жалпы мұрағаттық деректер әр түрлі жылдамдықта өзгертіледі. Ақпарат типі және қолданушыға «ағымдағы» ақпаратты беру қажеттілігі сапалы әзірленген веб-беттердің ішіндегісіне, сондай-ақ осы беттерде ұсыну үшін қолданылатын тәсілдерге әсер етеді.

5.1.3 Күтілетін нәтижелер

Сапалы әзірленген веб-сайттардың бағалау көрсеткіштері қолданушылардың мақсатты қоғамдастығымен анықталатын бағалаумен және ұсынылатын ақпарат типімен қорытылуға тиіс. Егер сапалы әзірленген веб-беттер тар арна үшін немесе мәтіндік браузерлер қолданушылары үшін балама сапалы әзірленген веб-сайттармен салыстырылса, «айналым саны» типінің жеңілдетілген көрсеткіштері жеткілікті болуы мүмкін. Көрнекті көрсеткіштер қоғамдастық қолданушы оған қажетті бетке көшуі үшін қажетті клавиштерге басу саны немесе уақытын өлшеуі мүмкін.

Ұйым жұмысының тиімділігі, бәсекеге қабілеттілігі және тіпті құқықтық міндеттерді орындау ұйымның маңызды ақпаратына тиімді қолжетімділігіне байланысты болуы мүмкін. Интранет/Экстранет желілерін жобалау кезінде, әсіресе егер осындай желілер бойынша беру ақпаратты берудің басқа әдістерін ауыстыру үшін қолданылса, мұны көңілге алған жөн. Бұл ретте қолданушылардан алынатын пікірлердің өте көп санын алуға ұмтылған жөн.

5.1.4 Уақытша ресурс

Веб-беттерде, веб-сайттарда және веб-жобаларда өмір сүру уақыты – олардың уақытша ресурсы бар. Сапалы әзірленген веб-сайттың дизайнеріне осы уақытты бағалаған жөн және уақытша ресурс белсенділігі аралығында осы веб-сайтты сүйемелдеуді жоспарлаған жөн. Кейбір сапалы әзірленген веб-беттерде шектелмеген уақытша ресурс бар және минималды әкімшілік ету қажеттілігі бар «өзгертілмейтін мұрағат» материалы орналастырылуы мүмкін.

Егер сапалы әзірленген веб-сайт жобасының жоспары құрылса, бұл жоспарда жоспарлы талқылау үшін және/немесе сапалы әзірленген веб-сайттың мерзімінің өту күні үшін талаптар құжаттандырылуға тиіс. кейбір веб-беттер үшін үздіксіз сүйемелдеу талап етіледі (мысалы, құқықтық немесе нормативтік ұйғарымдар күшіне).

Өзгермейтін мұрағаттық ішіндегісін стандарттарға, сондай-ақ нақты жеткізушілер технологиясына немесе дамымаған технологияларға байланысты принциптерге сәйкес қатаң құрылғаны жөн. Бұл ұзақ уақыт бойы кіруге және қызмет көрсетуге қажеттілікті азайтуға мүмкіндік береді.

5.1.5 Уақытша ресурсты әкімшілік ету

Кейбір жағдайларда сапалы әзірленген веб-сайт өзінің күрделілігі бойынша программалық өнімнің жобасына, әсіресе егер сайтта интерактивті функциялар жүзеге асырылса жақын болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тұжырымға әзірлеуден жұмыс аяқталғанға дейін барлық қызмет мерзімі аралығында сапалы әзірленген веб-сайтты

жоспарлау және әкімшілік ету бойынша бір немесе бірнеше жобалар құрылғаны жөн. Сапалы әзірленген веб-сайттарды жинақтау, жеткізу, әзірлеу, пайдалану және қызмет көрсету үшін барлық қызмет кезеңдерінде программалық қамтамасыз етуге арналған IEEE/EIA Std 12207.0-1996 [B15] процедураларын пайдалану мүмкіндігін қарастырған жөн.

5.1.6 Веб-сайттың уақытша ресурсын пайдалану жоспары

Веб-сайт процестерін әкімшілік ету жоспарын оның уақытша ресурсын пайдалану уақытында дайындаған жөн: жинақталу, жеткізу, әзірлеу, пайдалану және қызмет көрсету процестерінің жоспары. Веб-сайтқа арналған жоспарда қажеттілік бойынша олардың нұсқаларын және альтернативаларын қоса алғанда, нақты іс-шаралар қашан, қалай және кіммен орындалатынын анықтаған жөн. Жоспарға кем дегенде мынадай стандартты тармақтар қосылғаны жөн:

- a) Шығарылым күні және мәртебесі
- b) Қолданылу саласы
- c) Шығарылымға жауапты ұйым
- d) Сілтемелер
- e) Бекітуге жауаптылар
- f) Жоспарлы іс-шаралар және тапсырмалар
- g) Макро-сілтемелер (осы жоспар үшін құрылуға әкелетін стратегиялар немесе заңдар)
- h) Микро-сілтемелер (осы жоспарды толық түсіндіру арқылы басқа жоспарлар және тапсырмалар)
- i) Графикалар
- j) Бағалаулар
- k) Ресурстар және олардың бөлінуі
- l) Жауапкершілік және уәкілеттік
- m) Қатерлер
- n) Сапаны бақылау жөніндегі іс-шаралар
- o) Құны
- p) Қатысатын тараптар арасындағы өзара әрекет
- q) Айнала/инфрақұрылым (қауіпсіздік жөніндегі талаптарды қоса алғанда)
- r) Оқыту
- s) Глоссарий
- t) процедуралар және өзгерістер хронологиясы
- u) Қолданушылардың қолдау қажеттілігі (көмек қызметі, соңғы қолданушыларға арналған құжаттама, телефон бойынша кеңес)
- v) Қолданушылардың мақсатты қоғамдастығының сипаты

ЕСКЕРТПЕ Осы жоспардың тармақтары IEEE/EIA Std 12207.1-1997 [B16] стандартының 5.2 бөлімінен алынған. Күрделі сапалы әзірленген веб-сайттардың жобаларын құрушылар IEEE/EIA Std 12207.1-1997 [B16] стандарттың басқа бөлімдерінде сипатталған аса толық жобаларының нұсқасын қарауға болады. Күрделі сапалы әзірленген веб-сайттардың жобаларын әзірлеушілер IEEE Std 1058-1998 [B9] стандартын қолдану нұсқасын қарастыруы мүмкін.

5.1.7 Сапалы әзірленген веб-сайтына арналған талаптар спецификациясы

Сапалы әзірленген веб-сайтқа арналған талаптар спецификациясын дайындаған жөн. Осы спецификацияға кем дегенде мынадай стандарттық тармақтарды қосқан жөн:

- a) Шығарылым күні және мәртебесі
- b) Қолданылу саласы
- c) Шығарылымға жауапты ұйым
- d) Сілтемелер

- e) Бекітуге жауаптылар
- f) Негізгі материал
- g) Жеткізу жөніндегі нұсқаулар
- h) Кепілдік талаптар
- i) Шарттар, шектеулер және сипаттамалар
- j) Глоссарий
- k) Өзгерістер хронологиясы

ЕСКЕРТПЕ Осы спецификация тармақтары IEEE/EIA 12207.1-1997 [B16] стандартының 5.7 бөлімінен алынған. Күрделі сапалы әзірленген веб-сайттардың жобаларын құрушылар IEEE/EIA 12207.1-1997 [B16] стандартының басқа бөлімдерінде сипатталған аса толық спецификациялардың нұсқасын қарастыруы мүмкін. Күрделі сапалы әзірленген веб-сайттардың жобаларын әзірлеушілер IEEE Std 830-1998 [B5] стандартын қолдану нұсқасын қарастыруы мүмкін.

5.1.8 Сапалы әзірленген веб-сайт жобасын сипаттау

Сапалы әзірленген веб-сайт жобасының сипатын дайындаған жөн. Осы сипаттауға кем дегенде мынадай стандартты тармақтарды қосқан жөн:

- a) Шығарылым күні және мәртебесі
- b) Қолданылу саласы
- c) Шығарылымға жауапты ұйым
- d) Сілтемелер
- e) Контекст
- f) Сипаттауға арналған белгілеулер
- g) Негізгі материал
- h) Түйіндеме
- i) Глоссарий
- j) Өзгерістер хронологиясы

ЕСКЕРТПЕ Осы сипаттаудың тармақтары IEEE/EIA 12207.1-1997 [B16] стандартының 5.1 бөлімінен алынған. Күрделі сапалы әзірленген веб-сайттардың жобаларын құрушылар IEEE/EIA 12207.1-1997 [B16] стандартының басқа бөлімдерінде сипатталған аса толық спецификациялардың нұсқасын қарастыруы мүмкін. Күрделі сапалы әзірленген веб-сайттардың жобаларын әзірлеушілер IEEE Std 1016-1998 [B7] стандартын қолдану нұсқасын қарастыруы мүмкін.

5.1.9 Жобаны талдау

Веб-беттердің жобаларын жалпы қабылданған инженерлік-техникалық тәжірибеге сәйкес талдаған жөн. Нақты сапалы әзірленген веб-сайттың күтілетін әсер ету шеңберіне және маңыздылығына байланысты қосымша талдау жүргізу анықталуы мүмкін. Жобаны талдау затына графикалық дизайнды бағалау, заң және мәдени салдар, лингвистикалық тексеру, нарықты зерттеп-білу, қолжетімділікті бағалау және қолдану қолайлығы кіруі мүмкін. Жобаны талдау кезінде функционалдық талаптардың, техникалық мүмкіндіктердің және барлық жүйедегі шектеулер ауқымын зерттеп-білген жөн. Бұдан басқа, қолданушылардың мақсатты қоғамдастығының мүмкіндіктерін және шектеулерін ескерген жөн. Жүйеге жаңа технологияларды енгізу жағдайында талдауды орындайтын тұлғалардың жан-жақты тәжірибесі қажет. Қосымша, тиісті сарапшыларды және басқа қолданушыларды тарту арқылы ішіндегісіне талдау жүргізген жөн.

ЕСКЕРТПЕ IEEE Std 1028-1997 [B8] стандартта жобаларды талдауды жүргізу сипатталады.

5.1.10 Түзету, сапаны қамтамасыз ету міндеттері және сапаны сынау

Сапаны қамтамасыз ету сайтты жоспарлау және жобалау бөлігі болуға тиіс. жоба жоспарында сапаны қамтамасыз ету міндеттерін орындау үшін жүзеге асыру барысында қолданылатын нақты құралдар және процедуралар көрсетілгені жөн.

Сапалы әзірленген веб-беттер үшін сапаны бақылау және түзету процедураларын орындаған жөн. Түзету кезінде барлық браузерлерді, экранға рұқсат етулерді, браузерлер терезелерінің өлшемдерін және түрлерін қолданған жөн. Соңғы бағалаулар объект үшін немесе клиент құрылғысына (құрылғыларына) берілетін нысандағы объектілер (мәтін, графика, қиыстыру, навигация, мультимедиялық құрауыш және т.б) үшін жүргізілуге тиіс, және бастапқы материал дәл түрленетін олардың құру құралдары туралы болжамдарға негізделмеуге тиіс. Түзету статикалық та, динамикалық та құрылатын беттерде қолданылуға тиіс.

Сапаны қамтамасыз ету процедурасында осы тәжірибелік ұсыныстардың және басқа қолданылатын стандарттардың барлық міндеттеріне және талаптарына сәйкестігін тексерген жөн. Бұл процедура статикалық та, динамикалық та құрылатын беттерде қолданылуға тиіс.

Жарамдылығын тексеруді кем дегенде екі жеке кезеңге орындаған жөн: текшелік сынаулар және пайдалану сынаулары. Текшелік сынаулар (құрауыш) жүзеге асыру процесінде жүргізген жөн.

Мынадай және ұқсас шарттарды қамтамасыз ету мақсатында сапалы әзірленген веб-сайттардың текшелік сынау процедуралары әзірленуге тиіс:

- a) Сапалы әзірленген веб-беттер қалай ойласаң солай көрсетілуге тиіс.
- b) Айналуға қойылатын талаптар шығарылатын ақпарат типіне сәйкес келуге тиіс.
- c) Егер бұл қажет болса, сапалы әзірленген веб-сайттарда қорғауды басқару құралдары қарастырылуға тиіс, мысалы, парольдер және брандмауэрлер.
- d) Сапалы әзірленген веб-беттер бұл қажет жерге сәйкестікті растау үшін салыстырып тексеру құралдарын қолдану арқылы осы тәжірибелік ұсыныстарға сәйкестігін сынауға тиіс.

Пайдалану сынақтарын қолданушылардың мақсатты қоғамдастығы мүшелерін тарту арқылы жүргізген жөн. Сапалы әзірленген веб-сайттарды пайдалану сынақтары мынадай және ұқсас шарттарды қамтамасыз етуге арналған:

- a) Сапалы әзірленген веб-беттер қалай ойласаң солай көрсетілуге тиіс.
- b) Сапалы әзірленген веб-беттер үшін артық айналулар талап етілмейді.
- c) Сапалы әзірленген веб-сайттарда қорғауды басқарудың қажетті құралдары қарастырылуға тиіс.
- d) Сапалы әзірленген веб-беттер ішіндегісіне қолжетімділігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкестігіне сыналға тиіс.
- e) Сапалы әзірленген веб-беттер үшін тиімді сападағы ашылулар болуы мүмкін, не болмаса ашылулардың альтернативті әдісі қарастырылуға тиіс.
- f) Веб-сайт қолданушылардың барлық талаптарына сәйкес келуге тиіс. Жобалау басталғаннан сәттен бастап қолданысқа соңғы енгізген сәтке дейін қосылатын қолданушылардың талаптары құжаттандырылуға тиіс.
- g) Барлық сілтемелер дұрыс жұмыс істеуге тиіс.

ЕСКЕРТПЕ IEEE Std 829-1998 [B4] стандартта сынақтар туралы есептерді құру және сынау спецификацияларын, сынақтарды жоспарлау үшін пайдалы материал келтірілген.

5.1.11 Ішкі бақылау беттері

Ішкі бақылау беттерінде осы бетте қолданылатын стандарттарға немесе жетекшілік ететін нұсқауларға көрсететін бір немесе бірнеше мета тэгтер болуға тиіс. Мета тэг

форматы мынадай "<meta name="guideline" content=URI жетекшілік ететін нұсқау />." болуға тиіс. URI ретінде шынайы құжатқа сәйкес келмеуі мүмкін жетекшілік ететін нұсқаулардың нақты нұсқаларының бірегей идентификаторын қолданған жөн. Осы стандартқа сәйкес келетін беттерде 1.3.1 т. келтірілген мета тэг болуы мүмкін. Бұл қолданылатын жетекшілік ететін нұсқауларға сәйкес сайтты әкімшілік ету, сондай-ақ олардың тиісті беттері үшін соңғы клиентті таңдау жеңілдетіледі.

5.2 Органы таңдау

5.2.1 HTML нұсқасы (нұсқалары)

HTML нұсқасын және HTML осы нұсқасының функционалдық құралдары қолданушылардың мақсатты қоғамдастығында қолданылатын клиент ортасына сүйене отырып таңдаған жөн. Мысалы, «фреймалар» және Java-сценарийлер браузерлердің бұрынғы нұсқаларымен үйлесімсіздігі көздері қолданылуы әзірлеу кезеңінде ауыспалы бағалауға түсуге тиіс құралдар типтерінің үлгілері болып табылады. Мұндай сәулеттік функционалдық құралдарды алып тастау «фреймалар» сияқты біршама қайта өңдеуді талап етуі мүмкін. Веб-беттердің әзірлеушілері XML тілінде талқылануға тиіс және XML кодын қолдану керектігін, егер керек болса, онда қалай және қайда оны сапалы әзірленген веб-сайтта қосатын кодты қолдану керектігін шешуге тиіс.

Бастапқы баптау бойынша жаңа сапалы әзірленген веб-беттерде HTML-оның үйлесімді түрінде XHTML қолданған жөн. Тіпті егер браузерлердің ескі нұсқаларымен үйлесімділік қажет болса, кейбір XHTML-үйлесімді жетекшілік ететін нұсқаулар веб-сайт жобасының жоспарына қосқан жөн (мысалы, төменгі тізілім әріптерінен тэгтерді қолдану кезінде).

XHTML бірге үйлесімділіктің маңызды аспектілері:

a) Тэгтердің барлық элементтері және атрибуттары төменгі тізілім әріптерінен тұрады.¹⁸

b) Дұрыс құрастырылған құжаттарда элементтерді салу сақталған, ал ішіндегісі бос емес барлық элементтер (i, p, және т.б қоса алғанда) қоса аяқталу тэгтері бар. Бос элементтерінің тэгтері көлбеу сызықпен аяқталады (мысалы,
: HTML үйлесімділігі үшін қойылған көлбеу сызық алдында бос орынға көңіл бөліңіз).

c) Атрибуттардың барлық элементтері тырнақша ішінде болуға тиіс.

d) Фрагменттердің идентификаторлары үшін 'id' қолданыңыз (HTML үйлесімділігі үшін 'name' қосымша, мысалы,).

e) Сценарийлерді қою, стиль және басқа «түсінік берілген» элементтер үшін '[CDATA[...]]' құрылысын қолданыңыз (түсініктер беру процесінде сервермен алынып тасталуы мүмкін).

f) Атрибуттар мәндерінде жолдардың үзілуін мен керек емес пробелдерді болдырмаңыз.

g) Бетте 'isindex' бір элементінен артық қолданбаңыз

h) 'lang' үшін де, және 'xml:lang' үшін де анықтаңыз.

i) Символдарды кодтау тапсырмасы үшін 'xml' және 'http-equiv' екі операторын қойыңыз.

j) Атрибуттар мәндерінде & қолданыңыз; '&' белгісін қою үшін.

k) CSS кестелері XML және HTML үшін әр түрлі сәйкестігін анықтайтындығын ескеріңіз.

¹⁸ XHTML-да HTML-беттерді түрлендіруді жеңілдету үшін немесе жартылай түрлендіру үшін қызмет ететін тегінді (W3C сайттан TIDY сияқты) қоса алғанда утилиттері бар, мысалы, төменгі тізілімде әріптерді түрлендіру.

5.2.2 Стильдердің каскадты кестелері (CSS)

Сапалы әзірленген веб-беттерде ішіндегісін ұсыну тәсілін сипаттау өте көп мүмкін болатын дәрежеде ішіндегісінен бөлектенуге тиіс. Мұндай бөлектеу үшін стильдер кестесі қолданылады. Сапалы әзірленген веб-сайттың дизайнері стильдер кестелерін қолдану кезінде барлық беттерді біркелкі ұсыну артықшылықтарында және жекелеген беттерді әртүрлі ұсынуды қолдану кезінде клиент браузерлердің көпшілігін қолдау арасындағы компромиссті таңдауға тиіс. Осы мәселені шешу кезінде мақсатты қолданушы ортасының мүмкіндігін ескерген жөн.

Веб-беттерде түсті қолдану қарапайым мысал болуы мүмкін. Түсті айқын тапсырмасы – нұсқалардың бірі, басқа нұсқа – стильдер кестесінің көмегімен түс тапсырмасы. Соңғы жағдайда бір және сол түстік сұлба әртүрлі беттер үшін келісілген үлгімен қолданылуы мүмкін, бұл программалық кодтың жазылу және ілесу қажеттілігін төмендетеді. Жалпы стильдер кестесін қолдануға көшу олар қолданылатын көптеген беттерде өзгерістерді енгізбей-ақ түстік сұлбаны ауыстыруға мүмкіндік береді. Қолданушылардың нақты топтары үшін (мысалы, көзі нашар көретін адамдар үшін) дизайнермен берілген түсті таңдауды қайта анықтау қажет немесе тиісті болуы мүмкін, ал бұл тек стильдер кестелерінің механизмінің көмегімен мүмкін болады. Осыған ұқсас, егер беттер үшін деректер қажет болса, принтерден шығару үшін CSS стилін қосқан жөн.

Веб-беттерді құру құралдары жекелеген файлдарда стильді кестелер үшін CSS ұстауы тиіс: егер әзірлеуші 'class' немесе 'id' атрибуттарын берсе және таңдаса, 'important(!)' нұсқауларын қолданбаса, соңғы қолданушылар олардың талаптарына сәйкес келетін стильдер кестелерін таңдауы мүмкін.

5.2.3 XML жөніндегі ұсыныстар

XML тілі нақты іскер міндеттер үшін лайықты әдістермен құжат құрылымын көрсететін механизмдерді ұсынады. Дұрыс дайындалған HTML құжат XML құжаттың бір данасы болып табылады. Ішіндегісіне сәйкес анықталуы мүмкін жаңа тәгтерді енгізу, сондай-ақ осы ішіндегісін автоматты өңдеу XML-да қарастырылған. HTML кодында XML-типінде тип құрылымдарын қолдану үшін осы құрылымдарға id және class атрибуттар тағайындалады, және <div> элементтері мүмкін.

HTML 4.0 құжатта id атрибуттың нақты мәні тек бір рет қолданылуы мүмкін және осы атрибутпен фрагментте сілтемелерде байлам ретінде қызмет етуі мүмкін, бұл уақытта class атрибутының мәні ретінде бір құжатта бірнеше рет қайталануы мүмкін. Id сияқты, class та стильдер кестесінің көмегімен осы сегментті ұсынуды басқару мақсатында бет сегментін бөлу үшін қолданылуы мүмкін (әзірлеушілерге мақсатты аудитория браузерлері стильдерді көрсету үшін 'class' және 'id' қолдайтындығына көз жеткізген жөн).

Сапалы әзірленген веб-сайттың жобасын жоспарлау барысында қолданушылардың мақсатты қоғамдастығының клиент ортасымен келісу мақсатында браузерлерді қолдау жоспары құрылуы мүмкін. Осы жоспарды жүзеге асыру браузерлердің керекті типтерінің тізімін құру және осы типтерге сәйкес келетін беттер жиынтығын құру, не болмаса беттің маңызды ақпарат құрамы барлық браузерлермен дұрыс ұсынылу мүмкіндігін қамтамасыз ету жолымен болуы мүмкін. Нақты браузерлерге және олардың нұсқаларына байланысты болдырмаған жөн.

5.2.4 Физикалық сипаттамалар

Аппараттық және программалық құралдарының мүмкіндігіндегі терминдерде қолданушы ортаның бұрынғы және болжанған дамуына көңіл алауға тиіс. тұтынушы деңгейіндегі жаңа технологияны енгізу қарқындары өнеркәсіптік және мемлекеттік секторда осы қарқындар жиі асып түседі. Осы тәріздес, технологияның болжалды немесе ықтимал өзгерістері осындай өзгерістерге бейімдеу үшін веб-сайттарды мүмкін болатын қайта өңдеуді мейлінше қысқартуға мәлімет мақсатына көңілге алуға тиіс. Төменде әзірлеу кезінде ескеру керек құрылғылардың үлгілері қатары келтірілген:

- a) Дербес цифрлық ассистенттер (КПК)
- b) Бейне-ағымдарды беруі бар телефондар
- c) Веб-интерфейстері бар теледидарлық құрылғылар
- d) Брайля шығару құрылғысы
- e) Арнайы кіру/мәтіндік шығару құрылғысы
- f) Сымсыз және мобильді құрылғылар

Экран өлшемдері (кейбір құрылғылар үшін біршама аз болуы мүмкін), байланыс кезінде бөгелу (мысалы, спутникті немесе сымсыз арналар жағдайында) және локальды кэш/ЗУ шектеулі өлшемдерін ескерген жөн. Беру арналарының және тиісті шығындардың мүмкіндіктерін талдау талап етіледі. АҚШ-та қолданылатын деректерді беруге арналған тарифтер әлемдік масштабта көрсеткіш болып табылмайды. Арнаның шектеулі жылдамдығы бар тарифтер және сағаттық тарифтер әр түрлі елдерде және мобильді байланыс және радио байланыс технологияларын тарататын жағдайда жалпы қабылданған болып табылады.

Жаңа ұрпақтың мобильді құрылғыларын ұстайтын қолданылатын хаттама немесе хаттамалардың көпшілігін таңдау үшін қосымша талдау талап етілуі мүмкін. Сымсыз құрылғылар (WAP) және XHTML базалық хаттама үшін хаттама қолдану мүмкіндігін қарастырған жөн. Тар алмасу арнасы бар мобильді құрылғыларды бірнеше жыл кең таратуы веб-дизайн сферасында қатты әсер көрсетуі мүмкін екендігін атап өтеміз.

5.2.5 Сценарийлер туралы және орындалатын объектілер бойынша ұсыныстар

Клиент жағында кодты орындау (мысалы, сценарий коды) клиенттермен тыйым салынған. Әзірлеу процесінде орындау функциясы керек пе, егер олар керек болса, онда оларды қашан қолдану керектігі құжатталуға тиіс. Әзірлеу құралдарында, егер мұндай таңдауды әзірлеуші өзі жасамаса, клиенттер үшін сценарийлер құруға рұқсат етілмеуге тиіс. Клиент ортасында сценарийлерді немесе нысандарды орындау қауіпсіздік пікірі бойынша тыйым салынуы мүмкін екендігін атап өткен жөн, сондықтан верверлер сценарийлерді қолданбай-ақ ақпаратты беру мүмкіндігі болуға тиіс. Кем дегенде, сайтта қолданушыға нақты функциялар үшін сценарийлерді орындау қажеттігі туралы хабарлама болуға тиіс. Нақты құралдарды немесе жүзеге асыру нұсқаларды таңдау клиент ортасының контексті ретінде де, сапалы әзірленген веб-сайттың уақытша ресурсының әкімшілік ету контекстінде де жасалуға тиіс. бұл қай жерде мүмкін болса, платформаға тәуелсіз стандартты ортаға бағдарланғаны жөн (процессордан, операциялық жүйеден және браузерден). Осы туралы сондай-ақ 4.3.1 қараңыз.

5.2.6 Құпиялылық саясаты

Сапалы әзірленген веб-сайт дизайны қолданушылардың мақсатты қоғамдастығы сияқты, беттерге кіру мүмкіндігі бар басқа қолданушыларға да жататын құқықтық және этикалық жетекшілік ететін нұсқаулары реттелуге тиіс. Құпиялылықты талдау ұйымдастыру стратегияларының әзірлемесін, құқықтық контекстін есепке алуды (көптеген еуропалық стандарттарда құпиялылық туралы өте қатаң заңдар қолданылады) және желінің тұтастығы үшін әлеуетті салдарларды түсінуді қосуға тиіс. идентификацияға байланысты, және телефон нөмірлері, үй мекенжайлары, еңбекақысы және т.б осындай жеке деректерге байланысты ақпарат – осының барлығы осы талдауға жатады, және оған қойылатын талаптар нақты юрисдикциясына, мәдениетіне және еліне байланысты болады. Берілетін ақпарат мазмұнын анықтау және сапалы әзірленген веб-сайттарда керекті қорғау шараларын тапсыру мақсатында юрисдикция арқылы көшу кезінде кіру мүмкіндігі мәселелерін есепке алуға міндетті. Жоғары деңгей беттерінде құпиялылық саясатының тиісті құрылымына сілтемелерді орналастырған жөн.

Қолданушыдан алынған және оған ұқсас барлық ақпарат, егер қолданушы элементке арналған барлық қарастырылған деректерді бергенге дейін сеансты аяқтаса,

алып тастауға тиіс. Егер қолданушы сеансты аяқтау сәтінде осыған келісім берсе, жиналған деректерді сақтауға болады (мысалы, артынан келу және операция аяқтау үшін). Қолданушыға деректерді сақтау туралы сұрауға болады, егер оған енгізу керек болатын деректер болса, онда оның үлкен көлемі болады. Ақпаратты белгілі уақытта сақтаған жөн (мысалы, бір күн), содан кейін ол алынып тасталуға тиіс.

Қолданушыда анонимдік болып қалуға құқығы болуға тиіс: бұл ретте оған ұсынылатын қызметтерден немесе ұсынылған ақпаратты беруден бас тартты. Толық ақпаратты алу үшін байланыс деректерін қосатын және идентификацияның қажеттілігін түсіндіретін мазмұнды хабарламаны құраған жөн. Соңғы қолданушылардың деректерін жинау (мысалы, электрондық пошта адрестері аттары және т.б) олардың келісімінсіз орындалмауға тиіс. Кейбір елдерде бұл мәселенің құқықтық сипаты бар.

Берілетін ақпаратты таңдау үшін сервердің (метадеректерде берілуі мүмкін) және клиенттің жағырапиялық орналасқан жерін білу қажетті болуы мүмкін. Заңды және өнеркәсіптік сферада жобалау уақытында да шарттардың өзгеруі кезінде қайта қарау уақытында да қажетті болуы мүмкін құпиялылық туралы жетекші болатын нұсқауларды құрайды.

Сапалы әзірленген веб-сайт қолданушыға қатысты ақпаратты жинау, беру және сақтау мәселелерінде осы жетекшілік ететін нұсқауларға сәйкес келуге тиіс. Е қосымшасында Еуропалық Одақтың, АҚШ-тың Сауда министрлігінің (Safe Harbor бағдарламасы), АҚШ-тың Федералдық сауда комиссиясының (COPPA)¹⁹ және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) жетекшілік ететін нұсқауларында қолданылатын құпиялылық принциптеріне сілтемелер келтірілген.

Индекстеу шектеулі қолдануға арналған ақпаратқа «жанама кіру» ашуы мүмкін. Сондықтан индекске кіруді шектеуді немесе осындай ақпараттың болмауы талап етілуі мүмкін. Ұсыныстарға сәйкес келетін веб-беттерді құру құралдарымен сапалы әзірленген веб-сайттарды индекстеу роботтарды бұғаттау туралы нұсқауларды есепке алу арқылы орындалуға тиіс (Е қосымшасын қараңыз).

5.2.7 Ішіндегісінің қолжетімділігі

Талдау барысында қолданушылардың мақсатты қоғамдастығының қажеттілігі ақпаратқа немесе сайт қызметтеріне кіру қажет, бірақ жақыннан көзі көрмейтін немесе алыстан көзі көрмейтін, дальтонизммен, қозғалыс немесе есту жүйесінің бұзылуымен ауыратындар, не болмаса жұмыс ерекше пікір қалдыруға тиіс және кіру қолайлығының жалпы талаптарына арналған тұлғалар тобына кіретін қолданушылардың қазіргі немесе алдағы мүмкін болатындарды көңілге алуға тиіс.

Сапалы әзірленген веб-беттер үшін А деңгейінің веб-ішіндегісінің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жетекшілік ететін нұсқауларға сәйкестігін қамтамасыз ету қажет (1-басымдықтарының бақылау талаптары) және 2-А деңгейінің осы нұсқауларға сәйкестігін қамтамасыз еткен жөн (1- және 2-басымдықтарының бақылау талаптары). Әзірлеу процесінде 3-А деңгейіне сәйкестік мүмкіндігін қарастыруға тиіс (1-, 2- және 3-басымдықтары үшін). (W3C WAI 19990505²⁰ веб-құжатын қараңыз).

W3C консорциумның Quick Tips²¹ қысқа ұсыныстарында веб-сайттардың ішіндегісінің қолжетімділігін қамтамасыз етудің мынадай түйінді аспектілері тізбектелген:

а) Суреттер және анимацияланған объектілер. Әр көзбен шолу презентациясының функциясын сипаттау үшін alt атрибутын қолданыңыз.

¹⁹ COPPA – бұл онлайн режимінде балалармен берілетін ақпараттың құпиялылығын қорғау туралы акт.

²⁰ Сілтемелер туралы мәліметті 2-баптан табуға болады

²¹ WAI Quick Tips <http://www.w3.org/WAI/References/QuickTips/>. Авторлық құқық © 2001 Консорциум World Wide Web, (Массачусетс технологиялық институт, информатика және автономия жөніндегі ұлттық зерттеу институты, Университет Keio). Барлық құқықтар сақталады. <http://www.w3.org/Consortium/Legal/>.

b) Карта-суреттер. Белсенді нүктелерге арналған карталардың және мәтіндердің клиенттік ұсынуларды қолданыңыз.

c) Мультимедиялық объектілер. Дыбысқа арналған субтитрлер және жазулар және видео көріністерге арналған сипаттар қолданыңыз.

d) Гипермәтінді сілтемелер. Контекстке қарамастан түсінікті болатын мәтінді қолданыңыз. Мысалы, «мына жерден басыңыз» түріндегі сілтемелер атауынан қашыңыз.

e) Бетті ұйымдастыру. Тақырыптарды, тізімдерді және келісілген құрылымдарды қолданыңыз. Мүмкіндігінше қиыстыруды және стильдерді анықтау үшін CSS қолданыңыз.

f) Графикалар және карталар. Түйіндемені қосыңыз немесе longdesc атрибутын қолданыңыз.

g) Сценарийлер, апплеттер және программалық кеңейтулер. Егер қолданылатын функциялар қолжетімді болмаса немесе ұсталмаса, альтернативті ішіндегісін қараңыз.

h) Фрейалар. frames элементті және ақпараттық тақырыптарды қолданыңыз.

i) Кестелер. Жүйелі мөлшерде қатарлар бойынша есептеу мүмкіндігін қамтамасыз етіңіз. Түйіндемені келтіріңіз.

j) Істелінген жұмысты тексеріңіз. Оның сапасын бағалаңыз. <http://www.w3.org/TR/WCAG> келтірілген құралдарды, бақылау тексерулерді және жетекшілік ететін нұсқауларды қолданыңыз.

Бұдан басқа, веб желілері бойынша деректермен алмасу сияқты ұйымның ішінде ерекше маңызды алады немесе мақсатты қоғамдастығының қолданушыларымен қарым-қатынастың басқа түрлері қысып шығарады, юрисдикцияға тәуелді құқықтық талаптарды есепке алу, сондай-ақ қосымша тәжірибелік пікірлер қажеттілігі туындайды²². W3C соңғы нұсқаулары туралы және соған байланысты ақпаратқа бастамаларды <http://www.w3.org/WAI> мына сайттан табуға болады.

216 “қауіпсіз веб-түстерді” қолдану ұсынылады. Он алтылық көрсетуде осы түстер үшін тек RGB 00, 33, 66, 99, CC және FF мәндер қолданылады.

Сапалы әзірленген веб-беттердің мәтіндеріне арналған ашық құрауышы жөніндегі қарама-қарсылық 33% артық болуға тиіс (67% және артық мәндер қолданылады). RGB гаммасының еркін түсінің ашық құрауышы $0,3 \times (\text{қызыл құрауыш}) + 0,59 \times (\text{жасыл құрауыш}) + 0,11 \times (\text{көк құрауыш})$ формуласы бойынша есептеледі.²³

Сапалы әзірленген веб-беттерде дальтонизмнің әр түрлі түрлерімен ауыратын адамдарда қабылдау қиындығына әкелуі мүмкін түстік қиылысулардан қашу қажет. Түспен ерекшеленетін (бұл ерекшелену үшін көбінесе қолданылатын қызыл және жасыл құрауыштың алуандығына жатады) мәтіннің немесе кез келген объектілердің (мысалы сілтемелер, жақтаулар немесе пиктограммалар) қос фондық/бас түсін қолданудан қашыңыз (Н қосымшасын қараңыз).

Бірге қолдануға болмайтын түстерді құрайтын веб-беттерде қауіпсіз шығару түстерінің кестесі құрылды. Н қосымшасында бұл кесте сандық мәндер және бақыланатын түстер түрінде ұсынылған.²⁴

²² Мысалы, Дене кемшіліктері бар АҚШ азаматтарының денсаулығын сақтау туралы акті, Сауықтыру шаралары туралы актінің 508-бөлімі және адам құқығын қорғау туралы Канада акті. Басқа ұлттық нормалары жөнінде <http://www.w3.org/WAI/References/Policy> қараңыз. Американдық сайттарда ұлттық символиканы сатуға қоюға жол бермеу туралы француз сотының шешімі немесе сайлауларға қатысу мүмкіндігі жоқ АҚШ азаматтарының сайлау бюллетеньдерін сатуға әрекеттенген құрушылар, австралиялық веб-сайттың АҚШ-та сот арқылы тыйым салу үлгілерін келтіруге болады.

²³ Пайыздарда айырмашылығы осы айырмашылықтың ең жоғарғы мәні болып табылатын қалыпты 255 санына екі түстің қарқындылығының айырмашылығының абсолютті мәні түрінде есептелуі мүмкін.

²⁴ Түстерді таңдау және түстік қабылдау кемшіліктері туралы қосымша мәлімет <http://www.labs.bt.com/people/rigden/colours/> келтірілген.

Осы бөлімнің талаптары 36 CFR 1194 тиісті сәйкестігін қамтамасыз етуге шақырды.²⁵ Дегенмен, 36 CFR 1194 сәйкес болуға тиісті сайттар үшін 36 CFR 1194 тиісті бөлімдерінен алынған I қосымшасының талаптарын орындау қажет.

Сапалы әзірленген веб-сайтта жарық сезгіш эпилепсиямен ауыратын адамдарға мүмкін болатын әсерді алдын ала талдаусыз 2 Гц артық жыпылықтау немесе жылтылдау жиілігі бар жыпылықтау немесе жылтылдау объектілері қолданылмауға тиіс. 36 CFR 1194.22(j) сәйкес 55 Гц артық жиілік мәні тиімді.²⁶

Егер қолданушы пішінін толтыруға уақыт бойынша шектеу қойылса, қолданушыға көп уақыт қажет екендігін көрсетуге мүмкіндік беретін механизм қарастырылуға тиіс. Күту уақыты бітуді және жаңартуды беттермен қолданушының дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін ақырын қолданған жөн.

Пішіндерде қосымша құралдарды қолданатын тұлғаларға осы жолдарға кіру мүмкіндігі және барлық пішінді толтыру және жіберу мүмкіндігі болатындай белгілерге және жапсырмаларға көшу үшін көрсеткіштер болуға тиіс.

Егер оның көмегімен жекелеген элементтерге көшудің логикалық жүйелілігін беруге болса, А, AREA, BUTTON, INPUT, TEXTAREA және OBJECT элементтер үшін сапалы әзірленген веб-беттерде TABINDEX атрибуты қолданылуға тиіс. Егер бірнеше беттерде жалпы бастапқы сілтемелер және/немесе қосарлы жүретін сілтемелер бар болса, TABINDEX атрибуты ең басында осы бет үшін бірегей сілтемелерді ауыстыру үшін қолданылуға тиіс. Қолданушы қосарлы сілтемелерді өткізе алуы үшін TABINDEX атрибуттарында барлық алдыңғы сілтемелер бір рет қатарынан өткені сияқты осы сілтемелерге көшу анықталуға тиіс және қосарлы жүретін сілтемелер бойынша сілтемелер жүйелілігін босатуды орындауға мүмкіндік беретін «жаңарту» үшін сілтеме болуға тиіс. TABINDEX атрибуты бар барлық мүмкін болатын элементтерді анықтау браузерде операциялардың дұрыс тәртібін беру үшін қажетті болуы мүмкін. Бұл тәртіп қолдануға жоспарланатын браузерлер үшін тексерілуге тиіс.

BUTTON, INPUT және TEXTAREA тэгтері үшін сапалы әзірленген веб-беттерде тиісті функцияларды белсендіру мақсатында ACCESSKEY атрибутын қолдануға тиіс. Сілтемелерді белсендіру мақсатында А және AREA тэгтері үшін және оны қолдану мүмкіндігін қарастырған жөн. Егер ACCESSKEY атрибуты көрсетілсе, оның қатысуы қолданушылар үшін белгілі болуға тиіс, және стильдің көмегімен ерекшелеу арқылы бірге жүруге тиіс (CSS класс/стиль көрсеткіштері арқылы жүзеге асыратын). ACCESSKEY үшін операциялық жүйеде немесе браузерде қабылданған тез кіру анықтамаларынан қашқан жөн. Әр түрлі браузерлерде тез кіру тағайындалған клавиштерінің жиынтығы әр түрлі екендігін атап өткен дұрыс. Осы жиындар браузерлерде және көмекші навигация құралдарында әр түрлі.

Бірнеше логикалық бөлімдерден тұратын нысандарда, мысалы жеке деректерге, шот реквизиттеріне және жөнелту адрестеріне арналған нысандарда осы бөлімдерді идентификациялау мақсатында FIELDSET және LEGEND қолданылуға тиіс.

Нысандардың қатарлары үшін LABEL тиісті элементтері тағайындалуға тиіс (TEXTAREA, SELECT және INPUT қатарлары жағдайында TEXT, PASSWORD, CHECKBOX, RADIO және FILE типтері).

Қайталама сілтемелер үшін TABINDEX мәні нөлге тең болуға тиіс (бұл табуляция клавиштерінің көмегімен көшу жүйелілігінің соңына осындай сілтемелерді ауыстыруға әкеледі).

Егер сапалы әзірленген веб-беттің негізгі ішіндегісі BODY элементімен басталмаса, ол ID="content" атрибутымен DIV элементінің ішінде жасалуға тиіс, бұл шектеулі

²⁵ Егжей-тегжейлі ақпарат <http://www.access-board.gov/sec508/508standards.htm> келтірілген.

²⁶ 36 CFR 1194 2-ден 55 Гц дейін ауқымдағы жиілігі бар жылтылдау және жыпылықтау қолдану тыйым салынған.

мүмкіндіктері бар браузерлердің көмегімен навигация сияқты, бет ішіндегісін индекстеуді де жеңілдетеді.

Беттер үшін біркелкі түрді және бірыңғай функционалдық құралдарды, оның ішінде навигация батырмаларының жалпы жиынының біркелкі оналасуы қолданған жөн. беттегі бірінші сілтеме ретінде «шолуды өткізу» немесе «мазмұнға көшу» сияқты осындай альтернативті (alt) мәтінмен бірге жүретін осы беттің бірегей материалына сілтеме қолданған жөн. Қайталаудан қашу маңызды жағдайда, осы сілтемелер үшін қарапайым қолданушылармен көрінбейтін бірақ көзі көрмейтіндерге арналған дыбысты немесе құрылғыларды қолданатын тұлғалармен берілетін 1x1 пиксель өлшемімен сурет таңдалуы мүмкін.

5.2.8 Сайтты/бетті ауыстыру

Сайттың өмір сүру уақыты ішінде барлық сайтты немесе жекелеген беттерді ауыстыру қажет болғандығы алынып талмаған. Бұл үшін тиісті әдістерді дұрыс қолданған жөн, мысалы төменде келтірілгендер.

а) Домендердің аты қызметінің (DNS)кестесінде Sname жеке жазбасының сайты үшін қолдану, мысалы, “<http://mysite.domain.com>”. Бұл әртүрлі жүйелерге “mysite” қолдану мүмкіндігін, сондай-ақ резервтеу, тоқтап қалған кезде қайта қосу және т.б мүмкіндігін береді. Мүмкіндігінше, ескі физикалық адрес бойынша қарау кезінде жаңа адреске қайтадан жіберу орындалуға тиіс.

б) Сайт аттарына нақты компьютерлердің атауын, орналасқан жерін немесе алда өзгеруі мүмкін басқа элементтерді қоспаған жөн.

с) Интернет хаттамасының (IP) сандық адрестерін нақты физикалық құрылғыға кіру қажет жағдайда техникалық қызмет көрсету міндеттері үшін ғана қолданған жөн. Бұл ретте динамикалық адрестерді қолдану кезінде керекті физикалық жүйеге кіру IP-адрес бойынша өтініш білдіру кезінде кепілдік бермейтінін назарға алу керек.

д) Веб-сайт арқылы қолжетімді ұзақ мерзімді мәндегі құжаттар URL ұзақ мерзімді көрсеткіштері болуға тиіс. Мысалы, URL кодталған жол веб-сайттың уақытша құрылымына әсер етпеуге тиіс. Соңғысы өзгеруі мүмкін, бірақ URL бойынша кіру бұрынғыша орындалуға тиіс.

е) Егер HTTP 404 қателері жағдайында (бет табылмаған) беттің бас тарауларына сілтемелері бар ақпараттық бет берілсе (және сайтта іздеу құралдары), сайт тиімділігі материалдарды ауыстырғаннан кейін біршама өседі.

ф) Салыстырмалы көрсеткіштер URL және салыстырмалы URL бар серверлері үшін хост-жүйелер қолданушыға керекті бет берілетініне кепілдік беретін сценарий тілін немесе HTTP хаттамасын «қайта адрестеу» құралдары қолданылуы мүмкін. Мұндай құралдар беттерді жылжыту жағдайында, сондай-ақ 7.10 тармағында сипатталған жағдайларда пайдалы болуы мүмкін. Салыстырмалы көрсеткіштер URLs жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- 1) Сайт шеңберінде беттерді жылжыту.
- 2) Қоса жүретін немесе әзірленетін нұсқаларды алып жүру.
- 3) Цифрлық қолтаңбаны/тұтастықты келісілген тексеру (6.4 қараңыз).

5.2.9 Веб-сайтты сүйемелдеу

Веб-сайтты сүйемелдеу жоспарлау барысында кем дегенде мынадай аспектілер қарастырылуға тиіс:

- а) Ескірген ақпаратты немесе қызметтерді алып тастау.
- б) Қызметтер немесе ақпарат жағдайын жаңарту.
- с) Ақпаратқа байланысты сілтемелерді өзгерту және мерзімдік тексеру.
- д) Сапалы әзірленген веб-сайтты қайта өңдеу негіздемесін талап етуі немесе қызмет етуі мүмкін клиенттік және серверлік ортаның өзгерістері.

е) Ақпараттық мазмұнға, бағытына, қорғау әдістеріне немесе кіруіне өзгерістер енгізуді талап етуі мүмкін саясат өзгерістері (мысалы, ұйымдастыру, нормативтік немесе заңнамалық).

ғ) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігін ұстау мақсатында сапалы әзірленген веб-сайттарды жаңарту.

Ескірген беттерді және басқа типтегі беттерді қарау үшін (мысалы, «жоба» немесе «құпия ақпарат») «көлеңкедегі» разрядына стильдер кестесі қолданылуы мүмкін. Егер стильдер кестесі қолданылмаса, сапалы әзірленген веб-сайт беттердің ұқсас жіктеуінің альтернативті әдісін қарастыруға тиіс. Бұл ретте дене кемшіліктері бар тұлғалар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етудің альтернативті әдісін қосқан жөн.

Кейбір жағдайларда сапалы әзірленген веб-сайт өзінің күрделілігі бойынша программалық өнімнің жобасына, әсіресе егер сайтта интерактивті функциялар жүзеге асырылса жақын болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда сайтты сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралардың ұйымдастыру негізі ретінде программалық қамтамасыз етуді алып жүру процедураларын таңдаған жөн. Бұл үшін IEEE/EIA Std 12207.0-1996 [B15] стандартында сипатталған барлық қызмет мерзімі ішінде программалық қамтамасыз етуді алып жүру мүмкіндігін қарастырған жөн.

5.2.10 Ішіндегісінің тиімділігі

Сайт ішіндегісі соңғысы осы ішіндегісі қолжетімді юрисдикцияға және мәдени ортаға байланысты айырылуы мүмкін екендігін ескере отырып этикалық және құқықтық нормалар контекстінде қарастырылуға тиіс. Ерекшелік, сайлау беруі немесе шектеулі кіру осы ортада тіл тигізген (немесе заңсыз) деп танылған тарату, материалдарға немесе иллюстрацияларға, кәметке толмағандар үшін тиімсіз болатын ішіндегісіне қатынасы бойынша қолданылуға тиіс. Сайтты әзірлеу процесінде құқықтық және мәдени нормалар бір юрисдикция шеңберінде басқа шеңберінде күші болмауы мүмкін екендігін көңілге алуға тиіс.

Бұл қай жерде қолданылса, қолданушы қызметтерін индекстеуді және сүзгілеуді жеңілдететін Интернет-ішіндегісін (PICS) таңдау үшін профиль көрсеткішін қолданған жөн.

Сайтқа кіру болжанатын юрисдикцияны мәлімдеу үшін мына түрдегі meta операторын қолданған жөн: “<meta name="0.0 арналған" content= ISO 3166-1:1997 бойынша елдер кодының тізімі />”.

5.2.11 Сайттағы сөйлемдерді жаңарту

Қолданушыларға сатып алу үшін (мысалы, өнімнің сипаты немесе оның бары туралы деректер) немесе ұқсас операциялар үшін ақпарат ұсынылатын веб-беттер ұсынылатын өнім және оны жеткізу мерзімдері туралы дәл мәліметтерді ұсынуға тиіс. Сондықтан иллюстрацияны қоса алғанда, жеткізілетін бұйымға дәл сәйкес келуге тиіс, және егер осы қолданылса, оның жоқ екендігі туралы хабарлама қосылуға тиіс. Қолданушыға веб-бетте сипатталғандардың орнына «балама» бұйымдарды жеткізу мүмкіндігі туралы хабарлаған жөн.

5.3 Сценарийлер тілдері және Java тілі

5.3.1 Сценарийлер тілдері

Сценарийлері тілдері кең таралуын алған, және қазіргі таңда көпшілігі браузерлермен ұсталады. Сценарийлер сервер тарапында орындалуы мүмкін, мысалы, стандартты шлюзді интерфейсті қолдану кезінде (CGI), не болмаса егер олар бетке немесе апплет кодына енгізілсе, клиент тарапында орындалуы мүмкін. Алайда барлық браузерлер сценарийді орындаудың соңғы тәсілі ұстамайды, және қолданушыларда осындай орындауларды ажыратудың мүмкіндігі бар (Java тілінде кодты орындау). Мұндай

ажырату қауіпсіздіктің корпоративтік саясат болуы мүмкін немесе қолданушының қалауын беттегі динамикалық элементтердің дыбыс беру саны азаюы мүмкін. W3C WAI бастамасының құжаттамасында клиент тарапында орындалатын сценарийлері бар кез келген веб-беттердің қолжетімділігі үшін барлық функциялар сценарийлерді қолданбай-ақ қолжетімді болуға тиіс екендігі келісіледі.

Беттердің динамикалық құрылуын сервер тарапында сценарийлердің және программалардың орындалуы жолымен жүргізген жөн. Бұл соңғы қолданушылар үшін жақсы қолжетімділікке мүмкіндік береді, қауіпсіздіктің артуына және ұсталатын құрылғылардың класын кеңейтуге әкеледі.

ЕСКЕРТПЕ Беттерге кірудің көзбен шолмайтын құралдарын қолданатын тұлғаларда беттердің динамикалық өзгерістерін қабылдау қиындығы және оның өзгерісін анықтау мақсатында ішіндегісін қайтадан оқып-білу қажеттілігіне байланысты қолайсыздық туындауы мүмкін.

Сондай-ақ 4.2.5 қараңыз.

5.3.2 Java тілі

Қазіргі уақытта Java Интернеттің бас тілдерінің бірі болып табылады. Интернет желілері үшін де дұрыс, себебі корпоративтік қосымшалардың функцияларының кең жиыны клиент тарапында апплеттер және сервер тарапында сервлеттер арасындағы деректермен алмасу көмегі кезінде ұсынылуы мүмкін, бұл ереже бойынша тез әсер етуге және CGI сценарийлерімен салыстыру бойынша жақсы қорғауға әкеледі. Интернетке қолданбалы қызметтерді жеткізушілердің жақында пайда болуы Java қосымшасын енгізуді тездетуі ықтимал. Динамикалық сәулетімен және қолжетімділік класымен Java (JFC) базалық кластары оралымды интерфейсті және DHTML және стильдер кестесінің көмегімен жүзеге асыруға болмайтын дене кемшіліктері бар қолданушылардың бейімделу құралдарын ұсынады. Қазіргі браузерлер JFC барлық мүмкіндіктерін ұстамайды. Кейбір қосымшалар үшін HTML коды шынайы жұмысты орындайтын және беттерді ұсынуға жауап беретін апплеттердің жиыны үшін орта ролін атқара отырып Java веб-беттің кодына қатынасы бойынша қайталама болуы мүмкін. W3C WAI құжаттамасында апплеті бар беттің қолжетімділігі үшін ол өзінің функциялары үшін және апплетсіз жарамды болуға тиіс екендігі келісіледі. Бұл талап Java қолдану клиенттерге қызмет көрсету үшін ұйымдастыру саясаты салдарынан немесе қауіпсіздік пікірлері бойынша тыйым салынатын жерде міндетті болып саналуы мүмкін. Мұндай жағдайда клиент тарапында орындалатын қосымшалар және клиенттердің қолданушылық баптауларын анықтау әдістері қолданылуы мүмкін.

6 Сервер бойынша ұсыныстар, HTTP қолдану және сайтты ұйымдастыру

6.1 HTTP 1.1 қолдану

Бұл қай жерде мүмкін жерде, серверде 1.1 нұсқасының және соңғы нұсқалардың HTTP хаттамасын қолданған жөн. Бұл клиенттермен бұрын әзірленгендермен үйлесімділігін, сондай-ақ желі ортасы жұмысының тиімділігін және сенімділігін кепілдік береді.

6.2 Кэштеу кезеңінің өту күні

Сапалы әзірленген веб-сайтта кэштегі деректерді сақтау мерзімінің өту күні ұсынылатын ақпараттың өзгеріс жиілігінде көрсетілуге тиіс. Осы күн үшін ішіндегісінің жарамдылық мерзімдерінің өту күні мәнінен артатын мәнін белгілемеген жөн (7.4 қараңыз). Кэштеуі бар серверлерде жарамдылықтың өтіп кеткен мерзімдері бар бетті сақтамаған жөн.

6.3 Кэштеуді ажырату

Веб-сайтты кэштеу тек қолданушыларға берілетін ішіндегісінің жиі өзгерістері жағдайында, нақты қолданушыға берілетін бірегей деректерді беру жағдайында не болмаса егер деректердің қауіпсіздігі немесе құпиялылығы пікірлері бойынша расталған жағдайда ажыратылуы мүмкін. Кэшке түсу саны туралы статистика жиыны немесе туынды ақпарат (мысалы, жарнамалық) басымдығының көбеюі рұқсат етілмегені жөн, себебі бұл желілік ресурстардың өнімсіз шығындарының және жауап уақытының көбеюіне әкелуі мүмкін.

6.4 Браузерлерге арналған тілді таңдау

Сапалы әзірленген веб-сайтта клиент ортасында табиғи тілдің қондырғыларын тексеруді орындаған жөн және қолданушылардың мақсатты қоғамындағы жалпы контекстке тиісті мазмұндағы беттерді берген жөн. Браузер ортасында басым тілді қолданушымен таңдау мүмкіндігін және осы таңдау туралы серверге HTTP “Content-Language” тақырыбында деректерді беруді қарастырған жөн. Егер тілдің басымдық таңдауы белгілі болмаса, бірнеше тілдерді қолдау жағдайында қолданушылардың таңдау мүмкіндігін қарастырған жөн. Қолданушының бетке арналған нақты тілді таңдау олармен жасалған ұнамды қондырғыны қайта анықтайтынына кепілдік берген жөн; осы шартты орындау үшін осы бетке келтірілген сілтеме туралы ақпарат талап етілуі мүмкін (7.5.5 қараңыз).

Автоматты аудару құралдары көптілді ортада ақпаратты беру үшін лайықты мүмкіндіктерді ұсынуы мүмкін. Егер веб-беттердің ішіндегісі автоматты аудару бағдарымен әзірленсе, осындай құралдардың тиімділігі көбейеді. Веб-дизайнерлерге қолданушымен автоматты аударуды қосу кезінде әлеуетті қиындықты бағалаған жөн.

6.5 Роботтарды бұғаттау

Серверлерде сайтқа қатынасы бойынша сыртқы қызметтерді индекстеуге тыйым салу мақсатында роботтарды бұғаттау үшін элементтер қолданылуға тиіс (Е қосымшасын қараңыз). Индекстеуді құру немесе іздеу үшін веб-сайт ішіндегі роботтардың технологиясын қолдану индекстеу жөніндегі осы нұсқауларды басшылыққа алуға тиіс.

6.6 Браузерлерді қолдау

Веб-сайттарда клиенттік браузерлердің мониторингін және олардың ағымдағы желі ортасы туралы құжаттаманы жаңарту мақсатында мүмкіндігін жүргізген жөн. Сапалы әзірленген веб-сайттардың дизайнерлері браузерлердің осы уақытында қолданылмайтын қолдауларды жүргізу жөніндегі іс-шаралармен, әсіресе егер осы қолдау басқа типтегі браузерлермен жұмыс істейтін қолданушылардың және дене кемшіліктері бар қолданушылардың есебінен клиенттер тобын кеңейтудің кез келген сәтінде болса, хабардар болуға тиіс.

6.6.1 HTML кодының дұрыстылығын тексеру

Сапалы әзірленген веб-беттерді HTML немесе XML кодының, локальды не болмаса сыртқы құралдар көмегімен DTD27 үшін спецификацияларға сәйкестігіне тексерген жөн, мысалы, W3C әзірленген құралдар (<http://validator.w3.org>) ([B58] қараңыз). Мұндай тексеру ақпараттық ішіндегісінің патентті сипатымен келісілген тәсілмен орындалуға тиіс.

6.7 Веб-сайт әкімшісінің байланыс ақпараты

“Webmaster@domain” электрондық пошта адресі веб-сайт әкімшісінің байланыс адресі ретінде қолданылуға тиіс. Бұл адрес бар болуға тиіс, және оған келетін хабарламалар сайттағы ақпарат маңыздылығының дәрежесіне сүйене отырып белсенді бақылануға тиіс. Әкімшіге сайтқа немесе оның ішіндегісіне кіруге кедергі жасайтын проблемалар туралы хабарлау талап етілуі мүмкін. Егер тіпті ол беттерде болмаса да, бұл адрес міндетті болып табылады, және ақпараттық ішіндегісін ұсынуға жауапты тұлғаның адресі немесе ішіндегісінің иесінің альтернативті адресі болып табылмайды.

Тұлға немесе түсіп жатқан поштаны бақылайтын тұлғалар осы хабарламаға жауапқа жауапкершілік алатын тұлғаға немесе тұлғаларға хабарлама жіберуге тиіс. веб-сайтта сайттың әр түрлі бөлімдеріне жауап беретін бірнеше әкімшілер болуы мүмкін. Мұндай жағдайда поштаны бақылауға жауапты тиісті әкімшіге хабарлама жіберуге тиіс.

6.8 Қайта адрестеу

Қайта адрестеу қолданушы сұранысына жақсы жауап беру мақсатында сервермен бастамашылық етуі мүмкін. Қайта адрестеуге арналған негіздеме мынадай болуы мүмкін:

- a) Бет адресінің өзгеруі (4.2.8 қараңыз).
- b) Өзгертілген каталогтың URI идентификаторын басып алу және дұрыс URI тікелей сұраныс.
- c) Дұрыс емес енгізілген URI идентификаторларын басып алу және түзету.
- d) URI идентификаторларында бука тізілімін түзету.
- e) Объектілері бар файлдар типтерін кеңейтуді түзету (мысалы, htm/html, jpg/jpeg және т.б).
- f) Сайтқа байланысты болуы мүмкін орфографиялық қателерді түзету.
- g) Каталогтарға кіруге әрекет жасау кезінде бастапқы баптау бойынша нұсқаны ұсыну.
- h) Тандау тізімінен клиентке сапалы әзірленген веб-беттердің деректері.
- i) Тілдік артықшылықтарды есепке алу (6.3.7 қараңыз).
- j) Тек мәтіндік деректерді алу артықшылықтарын есепке алу.

Қайта адрестеу артықшылығы клиентке кері түзетілген идентификаторын беру болып табылады, сондықтан оның белгілері дұрыс URI болады. Әзірлеу кезінде, егер бұл қажет болса, қолданушыларға қолмен қайта адрестеу үшін нұсқауларды берудің дұрыстығын бағалаған жөн.

Сұраныстар жағдайында серверлер жауабы үшін дұрыс емес сілтемелер бойынша бұдан әрі көшулер бойынша нұсқаулары және қателердің себебін түсіндіру арқылы нақты қолжетімді бетке қайта адрестеуді қолданған жөн.

Қайта адрестеу немесе беттерді жаңарту алдыңғы беттерге қолданушылардың қайта қарауына кедергі жасамауға тиіс. Қолданушылардың гиперсілтеме бойынша көшу жасалған бетке қайту мүмкіндігі болуға тиіс [бұл 22(o) 36 CFR 1194 талаптарымен

²⁷ HTML алдыңғы нұсқаларында тек бір ғана DTD сипаты, алайда HTML 4.0 нұсқасында сәйкес келетін сипаттар кем дегенде, үш: strict (ұсынылмайтын элементтерсіз, қатаң түрде), transitional (уақытша) және frameset (фреймалар жиыны).

байланысты, әдетте 508-бап деп аталатын қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі АҚШ регламенті. 36 CFR 1194 мәтіннің фрагменттері I қосымшасында келтірілген].

6.9 Деректерді қысқарту

Байланыс сеансы барысында сервер клиент ішіндегісін қысқарған форматта қабылдауға қабілетті ме екендігін анықтауы мүмкін. Алдын ала статикалық беттерді қысқарту сайттың және желілік жүктеменің жүктеулігін қысқартады. Динамикалық беттерді қысқарту трафиктің ең төменгі шығыны бар клиентке ішіндегісін беру жағдайында қолайлы келісім болуы мүмкін. Егер бұл ретте шифрленген деректер қолданылса, қысқартуды бірінші кезекте орындаған жөн.

Осылайша, фотография жөніндегі біріккен сараптама тобының форматы (JPEG), тасымалданатын желілік графика форматы (PNG) немесе графикалық деректермен алмасу форматы (GIF) сияқты осындай форматтарда алдын ала суреттерді түрлендіру осы форматтарды ұстайтын клиенттердің сұраныстарына жауапты жеделдетуге әкелуі мүмкін. Клиенттерге олар қабылдауға қабілетті ең төменгі өлшемдегі суреттердің файлдарын бергені жөн.

Деректер форматтарын таңдау клиенттік қосымшалар үшін аса маңызды болуы мүмкін, және осы таңдауға қойылатын талаптарды мүмкін болған жағдайда, әрқашан ескерген жөн.

Ірі суреттер үшін пиктограммаларды беруді қарастырған жөн (пошта маркасының өлшемін бірнеше көбейтетін өлшемдерге дейін масштабталған түпнұсқаның миниатюралық суреттер).

6.10 Сайтта қолданылатын келісім

Деректердің әр түрлі типтеріне арналған (PNG, JPEG, GIF, HTML), файл ататрына және/немесе каталогтарына арналған (мысалы, “.fr” француз нұсқасы үшін, “.en” ағылшын нұсқасы үшін және т.б), сондай-ақ басқа әкімшілік міндеттерге арналған сайтта қолданылатын келісімдерді енгізу дұрыс. Кейбір клиенттер, егер файлды кеңейту жалпы қабылданған ерекшеленсе, деректерді өңдеуге қабілетті емес.

Бастапқы баптауы бойынша авторлық құқықтары туралы ақпараты, байланыс ақпараты стильдер кестесі және т.б бар файлдар үшін сайтта арнайы келісімді, не болмаса аса кең ұйымдастыру контекстінде қабылданған келісім қолданылуы мүмкін.

6.11 Веб-сайттың басты беті

Сапалы әзірленген веб-сайтта бас бет, сайттың барлық беттеріне қосылатын тура сілтемелер болуға тиіс. сайт үлкен өлшем құрылымының бөлігі болуы мүмкін, және мұндай жағдайда сайттың бас бетінде осы жалпы сайтқа сілтеме болуға тиіс.

Сайттың жоғары деңгейдегі беті (үй беті) бас бет болуы мүмкін. Бас бет мынадай ақпаратты құрауға не болмаса оның адресіне көрсетуге тиіс:

- а) Осы сайттың барлық «жоғары деңгейдегі беттеріне» сілтемелер.
- б) Жауапты әкімшінің аты және лауазымы (электрондық пошта адресін көрсету арқылы).
- с) Ішіндегісіне жауапты тұлғалардың аттары және лауазымдары (электрондық пошта адрестерін көрсету арқылы).
- д) Зияткерлік меншікке құқықтар туралы қолданылатын ережелер (авторлық құқықтар, сауда маркалары және т.б) (7.2 қараңыз).

- е) Құпиялылық туралы қолданылатын өтініш (F қосымшасын қараңыз).
- ф) индекстеу (авторлық әзірleme туралы қолданылатын мәліметтер (5.12 қараңыз).
- г) Осы сайтқа жауапты ұйым және осы құрылымның жоғары деңгейлі тиісті беттеріне сілтемелерді көрсету арқылы корпоративтік немесе жоғары деңгей құрылымының керек-жарақтары.
- h) Қолданылатын кепілдіктер, ережелер және шарттар, қолдану шарттары.
- і) Осы сайттың бас бетінің соңғы жаңарту және сайт саясатының мазмұндануы бар беттерді осы жерде көрсетілген ішіндегісінің соңғы жаңарту күні.
- j) Сайт міндетінің констатациясы және оның жұмыс істеуіне арналған негіздемелер. Мұнда мақсаттар туралы мәлімдеме, іскерлік қызмет модельдерін сипаттау, коммерциялық немесе коммерциялық емес дәрежені көрсету, тиісті іскерлік немесе кәсіби қатынастар туралы ақпарат, қаржыландыру көздерін және/немесе операциялық жиындарды көрсету, сондай-ақ әр елдерден клиенттерге ұсынылған ақпараттың дұрыстылығын бағалауға және шегініс көздерін идентификациялауға мүмкіндік беретін мақсаттар туралы басқа бекітулер кіреді.
- к) Орналасқан жері және/немесе географиялық орналасуы туралы мәлімет (7.15 қараңыз) сондай-ақ телефон нөмірі, факс нөмірі, физикалық адресі және басқа ұқсас деректер.

Бұдан басқа, сайттың басты бетінде мыналар болуы мүмкін:

 - а) Сайт көрсеткіштерінің тізіміне сілтемелер (жақында жаңартылған беттердің тізімін қоса алғанда және т.б).
 - б) Сайттың іздеу қызметтеріне сілтемелер.
 - с) Осы сайт үшін қолданылатын кез келген «фирмалық белгілер» (мысалы, IEEE 2001 стандартына сәйкестік логотипі).
 - д) Беттер ішіндегісі және/немесе сайтты ресімдеу туралы пікірлерді жіберуге арналған нысан.
 - е) Құқықтық мәселелерге немесе сайт жұмысының басқа аспектілеріне жататын байланыс ақпараты.
 - ф) Сапалы әзірленген веб-сайтта табылған дәл емес ақпаратты дұрыстау (түзету) саясатының құрылымы, сондай-ақ осы сапалы әзірленген веб-сайтқа жауапты қызметкердің телефон нөмірі.
 - г) Жиі қойылатын мәселелер (FAQ).
 - h) Соңғы қолданушыға арналған он-лайн құжаттамасы (қажетінше).
 - і) Тұтынушыларға қызмет көрсетуге арналған коммерциялық беттердің басты беттерінде іскерлік қызмет типіне, қолданылатын заңдарға және юрисдикцияларға, мерзімдеріне, шарттарына және келісім бағасына, және оларды растау және жою туралы ережелерге, тапсырыс берушілерге қызмет көрсетуге, тапсырыстарды жеткізуге және орындауға, кепілдік міндеттемелерге, дауларды шешу тәртібіне, сондай-ақ тұтынушылардың қатысуымен операциялар жүзеге асыру үшін маңызды басқа мәселелерге жататын мәліметтерді орналастырған жөн (немесе тиісті сілтемелер келтірген жөн). Сапалы әзірленген веб-сайттарда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЖЫДҰ) шығаратын электрондық коммерция контекстінде тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі жетекшілік ететін нұсқауларға ([B56] қараңыз), сондай-ақ он-лайн тауарларды сатып алу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі халықаралық тұтынушылар қоғамының ұсыныстарына ([B1] қараңыз) сәйкес келуге тиіс.²⁸

²⁸ ЭЫДҰ нұсқаулары мына адрес бойынша PDF форматына жүктеу үшін қолжетімді: <http://www1.oecd.org/dsti/sti/it/consumer/> ([B56] қараңыз), ал халықаралық тұтынушылар қоғамының ұсыныстарын мына адрес бойынша қарастыруға болады. <http://www.consumersinternational.org/campaigns/electronic/e-comm.html> ([B1] қараңыз).

ж) Сайттың басты бетінде редакциялық мазмұнға және жарнамаға, сондай-ақ демеушілермен ұсынылатын материалдардың және сілтемелердің болуына жататын кез келген қажетті мәліметтерді орналастырған жөн. Сапалы әзірленген веб-сайттарды цифрлық ақпарат тасымалдағыштарын қолдануға жататын (http://asme.magazine.org/guidelines/new_media.html) және редакциялық мазмұны секцияларының, реклама және арнайы реклама бөлімдері секцияларының негіздемесі туралы мәселелерді шешу кезінде негізгі өнеркәсіптік стандарт ретінде қолданылатын журналдар редакторларының Америка қоғамының тәжірибелік ұсыныстарға сәйкес жобалаған жөн.

6.12 Сайт көрсеткіші және сайт бойынша іздеу

Сапалы әзірленген веб-сайтта оның мақсатты аудиториясына жіберілген барлық беттердің көрсеткіші болуға тиіс. Егер мақсатты аудиторияға жататын бірнеше әр түрлі топтар бар болса, көрсеткіштерді бірден көп болуы мүмкін. 4.2.7 т талаптарына сәйкес осы көрсеткіш қолжетімді болуға тиіс, және көрсеткіш форматы ретінде қарапайым мәтін форматын таңдаған жөн.

Ішкі бақылау сайтының веб-беттердің көрсеткіштерінің қызмет көрсетуі кезінде сайт әкімшілерінің жауапкершілігі ортасына кірмейтін беттердің сілтемелеріне жататын мәселелер ескерілуге тиіс. Мұндай беттер кірудің ашықтығын, өлшем, стильдердің сәйкестігін, қолжетімділігін қамтамасыз ету дәрежесін, дұрыстылық көрсеткіштерін, және уақыттылығын, табиғи тілді немесе ішкі бақылау сайты беттерінің басқа атрибуттары бар болуы мүмкін.

Ұқсас айырмашылықтар ішкі бақылау веб-сайтында қабылданған ережелерге сәйкес келетін веб-беттер болып табылмайтын кез келген беттер үшін орыны болуы мүмкін. Ішкі бақылау веб-сайтының талаптарын есепке алу үшін сыртқы сайт әкімшісімен келісім жасалуы мүмкін. Бұдан басқа, сыртқы беттерге сілтемелердің библиографиялық тізімін жүргізу дұрыс болуы мүмкін.

Қолданушылар сайттан тыс орналастырылған бет ішіндегісіне емес, осы сайттың керекті ішіндегісіне оларды әкелетін іздеу нәтижелері немесе көрсеткіштері тармақтарын есептеуге болады. Егер іздеу нәтижелері веб-сайтқа қатынасы бойынша сыртқы сілтемелерді құраса, бұл сілтемелер сыртқы болып табылатынын көрсету арқылы жеке тізімге тізбектелуге тиіс.

7 Веб-бет тақырыбындағы ақпарат

Сапалы әзірленген веб-беттер тақырыбында (яғни HTML <head>және </head> тэгтер арасындағы) тек маңызды ақпаратты қосқан жөн. Барлық осы тақырыптар веб-беттердің әзірлеушілері мұқият іріктелуге тиіс, және қолданушылардың мақсатты қоғамдастығымен ұсынылған ақпаратқа және қызметтерге тура қатынасы болуға тиіс.

7.1 Құжат типін мәлімдеу

Сапалы әзірленген веб-беттердің бірінші жолдары статикалық веб-беттер үшін сервермен берілетін <Content-Type ...> жолдары болуға тиіс, бірақ динамикалық өндірілетін веб-беттер үшін қажет болуы мүмкін. <!DOCTYPE ...> тәгі осы бет үшін қолданылатын DTD сипатын көрсетуі мүмкін. XHTML беттердің басында <?xml ...> сипаты болған жөн, және HTML үйлесімділік үшін XHTML де, HTML да қондырмасы қажет болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ Осы тақырыптар желі бойынша беру кезінде жоғары басымдығы бар, және осы деректер клиентке тұтастай оны беттердің қалған бөлігінің деректерін өңдеуге дайындау мақсатында берілуге тиіс екені болжанады. Тақырып бөліміне артық деректерді енгізу – веб-беттердің дизайн нашар стилі.

7.2 Атау

Бет атауына (<title>) оның ішіндегісінің ақпараттық және ерекше атауы кіруге тиіс. HTML атауы оның іздеу нәтижелерінде, сұраныстарға жауап беруге, терезе атауларында және бетбелгілерде көрінетін орнынан ескере отырып, байқап іріктеген жөн. Егер атау дұрыс құрылса, қолданушы сайт беттерде жақсы бағдар ала алады.

7.3 Метадеректер

Сапалы әзірленген веб-беттерде осы беттер қолжетімді ортада беттерді дәл каталогтауды және индекстеуді қамтамасыз ететін метадеректер болуға тиіс. Сапалы әзірленген веб-беттерде дұрыс жазудың немесе грамматикалық түрлердің әр түрлі нұсқаларын қоспағанда, іздеу серверлері немесе индекстеу жүйелері үшін қайталатын деректерді құрауға тиіс емес. Тақырып тәгінде беттерді өңдеу үшін (сілтемелер, стильдер, сценарийлер) немесе оны индекстеу үшін (атау, meta/keywords – түйінді сөздер, meta/description – сипаты, PICS іріктемесінің профилі және Dublin Core элементтері) керек деректерді қосқан жөн. Егер бетте төрттен артық метадеректер тәгтері болса, профильге сілтемелерді қолданған жөн. Бұдан басқа, кодты тиімді қайталама қолдану үшін және стильдер кестесінің желілік трафикасын қысқарту және сценарийлер үшін сілтемелердің көмегімен қойған жөн.

7.3.1 Сипаттау тәгі

DESCRIPTION метатәгі қандай ақпарат іздеу сұранысына жауапқа қолданушымен ұсынылуға тиіс екендігі туралы іздеу серверімен көрсетуді беру үшін қолданылуы мүмкін (мысалы, <meta name="description" content="сұранысқа жауап" />).

Іздеу серверлері қолданушыға керекті сілтемені таңдауда көмек беру үшін веб-беттердің алғашқы бірнеше жолдарын жиі көрсетеді. Алайда кейбір серверлер мұның орнына DESCRIPTION метатәгінің атрибут мәнін шығарады – веб-бет алып тасталғаннан кейін әлі ұзақ уақыт шығарады. Демек, егер нақты ақпаратты көрсету қажет болса, оны беттің басында орналастырған жөн. Өйтпеген жағдайда ақпаратты беттің басында орналастырудан қашу керек (кеңінен жариялауға арналмаған іздеу серверлерінің әр түрлі себептері бойынша екендігін көңіліңізге алыңыз), және соңында, іздеу серверлері ескірген ақпаратты бермейтіндігіне кепілдік беру үшін іздеу қызметі ескі деректерді ауыстырған ұзақ уақыт ішінде «аса қолжетімді» хабарламасы бар бетке бетті ауыстыру талап етілуі мүмкін (мұнда сондай-ақ индекстеуге қайталама сұраныс пайдалы болуы мүмкін).

7.3.2 Түйінді сөздер

Іздеу серверлерінен беттерді индекстеу кезінде түйінді сөздердің шектеулі жиынын ғана қолдануды күткен жөн. Сапалы әзірленген веб-беттерде бұл сөз олардың басымдықтары тәртібінде және қайталаусыз жүйеленуге тиіс (мысалы, <meta name="keywords" content="1-түйінді сөз, 2-түйінді сөз" />).

7.3.3 Dublin Core

Dublin Core құжатының типін сипаттау ғылыми кітапханалардың қызметкерлерімен әзірленген, бірақ сапалы әзірленген веб-беттерді индекстеу міндеттері үшін қолайлы болуы мүмкін. Dublin Core мета деректер (соңғы нұсқа бойынша D

қосымшасын қараңыз) сапалы әзірленген веб-беттерді индекстеу және каталогтау кезінде маңызды болатын ақпараттық жолдар үшін қолданылуға тиіс.

7.3.4 Ішіндегісін іріктеу

Сапалы әзірленген веб-беттер үшін ішіндегіні іріктеу механизмдерін талдау қажет. Интранет/Экстранет желілерінің контексінде рейтингтік қызметтер және PICS механизмдер қолданушылар артық көрінетін көздерден алынатын ақпаратты алатындай қамтамасыз ету үшін пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, ұйымның корпоративтік саясаты туралы ақпаратты индексті іздеу нәтижесінде жеке пікірлерді, жүзеге асыру егжей-тегжейін және басқа қосымша мәліметтерді қосатын беттер табылуы мүмкін. Ұйым ішіндегі рейтинг жүйесі заңды талаптар мен басқа нұсқаулардан корпоративтік саясат туралы ақпарат бөлу кезінде көмек бере алады. Бұдан әрі қолданушыларды жауаптардың кең жиынында керекті мәліметті іздеп табуға мәжбүрлемей-ақ олардың ортасына жататын деректерді беру үшін PICS механизмі іске қосылуы мүмкін. Мета деректерді және ішіндегісін іріктеу мақсатында (индекстеу) қолдану қолданушыларды жаңылыстырмауға тиіс.

XML және RDF құралдар сияқты пайда болған жаңа құралдар алда көңіл бөлуді қажет ететін ішіндегіні іріктеудің қосымша механизмдерін ұсынады.

7.3.5 Роботтарды бұғаттау

Сапалы әзірленген веб-сайттарда индекстеу және автоматтық құралдармен (роботтармен) іздеу үшін рұқсат етілген және рұқсат етілмеген беттерді көрсету мақсатында роботтарды бұғаттауға арналған элементтер қолданылуға тиіс (Е қосымшасын қараңыз).

7.3.6 Байланыс арнасын қолданудың тиімділігі

Стандарттың 2-бөлімінде IEEE/ EIA 12207.0-1996 нормативтік ережелерді жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулар келтірілген. Нұсқаулар ПО өндірісі бойынша өнеркәсіптік саладағы тәжірибеге және IEEE/EIA 12207.0-1996 стандартында анықталған процестерді қолдануға негізделген.

[B18] IETF RFC 1123:1989, Интернет хост-жүйелеріне арналған талаптар. Қосымшалар және қолдау.³⁷

Осы комментарийге сұраныста (RFC) Интернетке қосылған хост-жүйеге қолданылуға тиіс стандартты хаттамалар тізбектелген және осы хаттамалар үшін ағымдағы талаптар сипатталатын сілтемелер, RFC және басқа құжаттар түрінде қосылған. Осы құжатта сілтемелер келтірілген құжаттар қателері түзетілген және қосымша материал және әзірлеушілерге арналған нұсқаулар қосылған.

Бұл құжат – Интернет хаттамаларының пакетіне кіретін хаттамалардың хост-жүйелерінде жүзеге асыруға арналған талаптар анықталған және сипатталған екі құжаттардың бірі. Осы RFC оны қолдаудың қосымшалар және хаттамалар деңгейі сипатталған. Екінші RFC, Интернет хост-жүйелеріне арналған талаптар. Деректермен алмасу деңгейлері [Кіріспе:1], төменгі деңгей хаттамалары сипатталған: көлік деңгейі, IP деңгейі және арналық деңгей.

Осы құжаттар Интернет желісіндегі жұмыс үшін ПО жеткізушілерінің, әзірлеушілерінің және қолданушыларының әрекеттері нұсқаулығына арналған. Оларға Интернетке арналған ПО зерттеушілері мен қолданушылары қоғамдастығының мүшелерімен берілген тәжірибе және білім көлемі топталған.

[B19] IETF RFC 1766:1995,Тілдерді белгілеуге арналған тэгтер.

Осы құжатта Интернет қолданушыларының қоғамдастығымен жинақталған Интернет хаттамаларының эволюциясын қадағалау нәтижелері келтірілген, жетілдіру жөніндегі талқылаулар және пікірлер үшін тақырыптар ұсынылған.

[B20] IETF RFC 1866:1995, Гипермәтінді белгілеу тілі, 2.0 нұсқасы.

[B21] IETF RFC 2396:1998, Ресурстардың бірыңғай идентификаторлары (URI): жалпы синтаксис.

Ресурстың бірыңғай идентификаторы (URI)– бұл абстрактілі немесе физикалық ресурстың идентификациясы үшін ықшамды символдық қатар. Осы құжатта абсолютті және салыстырмалы идентификаторлар синтаксисін қоса алғанда, URI жалпы синтаксисі анықталған және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулық келтірілген. Құжатта IETF RFC 1738:1994 және IETF RFC 1808:1995 жалпы анықтамалар қайта істелген және ауыстырылған.

Құжатта идентификатордың әр мүмкін болатын типі үшін сұлбалық-тәуелді талаптарды білмей-ақ URI сілтемелерінің жалпы элементтерін грамматикалық

³⁷ IETF RFC құжаттары мына адрес бойынша <http://www.ietf.org/rfc> қолжетімді.

талдауын орындау арқылы барлық шақтамалы URI ішкі жиыны үшін грамматика анықталған. Құжатта URI үшін туғызушы грамматика сипатталмаған: бұл міндет URI әр сұлбасы үшін нақты спецификациялар заты болады.

[B22] IETF RFC 2774:2000, HTTP кеңейтуге арналған база.

Қосымшалардың кең шеңберінде HTTP хаттамасының әр түрлі кеңейтулері ұсынылған. Ағымдағы әзірлемелер бөлінген авторлық жұмыстарды, ынтымақтастықты, басып шығару механизмдерін және процедуралардың алыс шақырылымдарын қоса алғанда, өте кең саланы қамтиды. Осы HTTP кеңейту үйлестірілмеген, себебі кеңейтулерді анықтау үшін стандартты база болмады, және осылайша жекеленген міндеттер қойылды. Осы құжатта жеке келісімдер мен жалпы спецификациялар арасындағы шиеленістерді шешу үшін, сондай-ақ серверлер, прокси-серверлер және HTTP клиенттері қолданатын қосымшаларға арналған кеңейтулерді жүзеге асыру үшін құрылған HTTP кеңейтуінің жалпы механизмі сипатталған. Осы ұсыныста, бұдан басқа, әр кеңейтуге кеңейтілген хаттама бойынша тараптар арасында деректермен алмасу кезінде HTTP тақырыбы жолында ақпаратпен байланысты бірге қолданылатын бірегей ауқымды идентификатор беріледі.

[B23] IETF RFC 2965:2000, HTTP жағдайларын басқару механизмі.

Осы құжатта Интернет қолданушыларының қоғамдастығымен жинақталған Интернет хаттамаларының эволюциясын қадағалау нәтижелері келтірілген, жетілдіру жөніндегі талқылаулар және пікірлер үшін тақырыптар ұсынылған.

[B24] Халықаралық қор DOI.³⁸

Цифрлық объектілердің идентификаторы (DOI) – бұл цифрлық ортада зияткерлік меншікті идентификациялау жүйесі. Жүйе баспа өнеркәсібі кәсіпорнының тапсырмасы бойынша DOI Халықаралық қоры әзірлеген, және оның міндеттеріне зияткерлік құрамның өңдеуі, тапсырыс берушілермен баспагерлердің байланысын орнату, электрондық коммерцияның көмегі және авторлық құқықтармен автоматты басқару жүйелерін енгізу үшін базаны ұсыну кірді.

[B25] ISO 8601:2000, Деректер элементтері және деректермен алмасу форматтары. Ақпаратпен алмасу. Күнін және уақытын көрсету.

[B26] ISO 9241-1:1997, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 1-бөлім. Кіріспе.

[B27] ISO 9241-2:1992, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 2-бөлім. Мақсатты талаптар бойынша нұсқаулар.

[B28] ISO 9241-3:1992, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 3-бөлім. Көзбен шолып көрсетуге арналған дисплейлерге қойылатын талаптар.

[B29] ISO 9241-4:1998, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 4-бөлім. Клавиатураға қойылатын талаптар.

[B30] ISO 9241-5:1998, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 5-бөлім. Қрамаға және жұмыс стансасының орнына қойылатын талаптар.

[B31] ISO 9241-6:1999, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 6-бөлім. Жұмыс ортасын таңдау бойынша нұсқаулар.

³⁸ Өте егжей-тегжейлі <http://www.doi.org> қараңыз.

[B32] ISO 9241-7:1998, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 7-бөлім. Ақ дақтары бар дисплейлерге қойылатын талаптар.

[B33] ISO 9241-8:1997, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 8-бөлім. Түстер көрінісіне қойылатын талаптар.

[B34] ISO 9241-9:2000, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 9-бөлім. Клавиатуралық емес енгізу құрылғыларына қойылатын талаптар.

[B35] ISO 9241-10:1996, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 10-бөлім. Диалогтарды әзірлеу принциптері.

[B36] ISO 9241-11:1998, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 11-бөлім. Тиімділігі бойынша нұсқаулар.

[B37] ISO 9241-12:1998, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 12-бөлім. Ақпаратпен ұсыну.

[B38] ISO 9241-13:1998, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 13-бөлім. Қолданушыларға арналған нұсқаулар.

[B39] ISO 9241-14:1997, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 14-бөлім. Мәзірдегі диалогтар.

[B40] ISO 9241-15:1997, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 15-бөлім. Командалық диалогтар.

[B41] ISO 9241-16:1999, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 16-бөлім. Тура басқаруға арналған диалогтар.

[B42] ISO 9241-17:1998, Көзбен шолып көрсету үшін терминалдарды қолдану арқылы офистік жұмыстарға арналған эргономика бойынша талаптар (VDT). 17-бөлім. Нысандарды толтыруға арналған диалогтар.

ISO 9241 стандартының 17 бөлімінде аппараттық және программалық құралдарды, мақсатты дизайнды және пайдалану ортасын қоса отырып, компьютерлік жүйенің жалпы эргономикасына жататын барлық факторлар қарастырылады.

[B43] ISO/IEC 8879:1986, Ақпаратты өңдеу. Мәтіндік және офистік жүйелер. Жалпылау белгілерінің стандартты тілі (SGML).³⁹

[B44] ISO/IEC 11179-1:1999, Ақпараттық технологиялар. Деректер элементтерінің спецификациясы және стандарттауы. 1-бөлім. Деректер элементтерінің спецификациясының және стандарттауының тұжырымы.

[B45] ISO/IEC 11179-2:2000, Ақпараттық технологиялар. Деректер элементтерінің спецификациясы және стандарттауы. 2-бөлім. Деректердің элементтерін жіктеу.

³⁹ ISO/IEC жариялымдары ISO орталық хатшылығында қолжетімді, Case Postale 56, 1 rue de Varembe, CH-1211, Genève 20, Switzerland/Suisse (<http://www.iso.ch/>). АҚШ-та оларды Халықаралық инженерлік құжаттама бөлімінде тапсырыс беруге болады, 15 Inverness Way East, Englewood, Colorado 80112, USA (<http://global.ihs.com/>). Электронды көшірмелерді Америка стандарттарының ұлттық институтында АҚШ-та тапсырыс беруге болады, 25 West 43rd Street, 4th Floor, New York, NY 10036, USA (<http://www.ansi.org/>).

[B46] ISO/IEC 11179-3:1994, Ақпараттық технологиялар. Деректер элементтерінің спецификациясы және стандарттауы. 3-бөлім. Деректер элементтерінің негізгі атрибуттары.

[B47] ISO/IEC 11179-4:1995, Ақпараттық технологиялар. Спецификация және деректер элементтерін стандарттау. 4-бөлім. Деректер анықтамаларының құрылымы жөніндегі ережелер және нұсқаулар.

[B48] ISO/IEC 11179-5:1995, Ақпараттық технологиялар. Спецификация және деректер элементтерін стандарттау. 5-бөлім. Деректер элементтерінің идентификациясы және атау принциптері.

[B49] ISO/IEC 11179-6:1997, Ақпараттық технологиялар. Спецификация және деректер элементтерін стандарттау. 6-бөлім. Деректердің элементтерін тіркеу.

ISO/IEC 11179 сериясындағы стандарттар мета деректерді қоса алғанда деректер элементтері құрастырылымының негізгі аспектілері анықталған. Осы стандарт адамдармен де компьютерлермен де түсіндіру үшін қолданылатын деректер элементтерінің функцияларына және ұсыну құрылымына қолданылады. Ол машина деңгейіндегі биттер мен байттар түріндегі деректерді физикалық ұсынуға жатпайды.

[B50] ISO/IEC 11581-1:2000, Ақпараттық технологиялар. «Қолданушы-жүйе» интерфейстері және символдары. Символдар және пиктограммалар функциялары. 1-бөлім. Пиктограммалар. Жалпы ережелер.

[B51] ISO/IEC 11581-2:2000, Ақпараттық технологиялар. «Қолданушы-жүйе» интерфейстері және символдары. Символдар және пиктограммалар функциялары. 2-бөлім. Объекті пиктограммасы.

[B52] ISO/IEC 11581-3:2000, Ақпараттық технологиялар. «Қолданушы-жүйе» интерфейстері және символдары. Символдар және пиктограммалар функциялары. 3-бөлім. Көрсеткіштер пиктограммалары.

[B53] ISO/IEC 11581-6: 1999, Ақпараттық технологиялар. «Қолданушы-жүйе» интерфейстері және символдары. Символдар және пиктограммалар функциялары. 6-бөлім. Қолдану пиктограммалары.

ISO/IEC 11581 сериясының стандарттары компьютер экрандарында көрсетілетін таңбаша-пиктограммаларға қолданылады. Осы пиктограммалар қолданушы жұмыс істей алатын және өзара әрекет жасай алатын компьютерлік жүйе функцияларын немесе деректер объектілерін ұсыну үшін қызмет етеді.

[B54] ITU E.123 (02/01) ұсыныс, Ұлттық және халықаралық телефон нөмірлерінің, электрондық пошталардың адресстерін және Web адресстерін белгілеу жүйелері.⁴⁰

[B55] Nielsen, Gettys, Baird-Smith, Prud'hommeaux, Lie және Lilley; “Желі жұмысының тиімділігіне HTTP/1.1, CSS1 және PNG қолдану әсері”, *Computer Communication Review*, 27-том, № 4, қазан 1997.

[B56] Тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі ЭҚДҰ жетекшілік ететін нұсқаулар.⁴¹

Экономикалық қауымдастық және даму ұйымы (ЭҚДҰ) PDF форматындағы файл түрінде жүктей алатын электрондық коммерция контексінде тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі жетекшілік ететін нұсқауларды шығарды.

[B57] SAE J2374, Орналасқан жеріне сілтемелерді қосатын хабар спецификациясы, шілде 1999 ж.⁴²

⁴⁰ ITU жариялымдарын Халықаралық электр байланыс одағында тапсырыс беруге болады, Place des Nations, CH-1211, Geneva 20, Switzerland/ Suisse (<http://www.itu.int/>).

⁴¹ Егжей-тегжейлі <http://www.oecd.org> қараңыз.

⁴² SAE жариялымын Автомобиль инженерлерінің қауымдастығында тапсырыс беруге болады, 400 Commonwealth Drive, Warrendale, PA 15096, USA (<http://www.sae.org/>).

Орналасқан жеріне сілтемелерді қосатын хабарламалар спецификациясы (LRMS) деректердің бірнеше жиындары бар ортада, яғни біреуден артық кеңістікті деректерді қолданатын жерде, және бір жиыннан басқаға сілтемелер орындалуға тиіс жерде адреске сілтемелердің стандарттауына тәжірибелік тәсілін құруға арналған. Дегенмен Тасымалдаудың зияткерлік жүйелердің (ITS) кейбір локальды қосымшалары үшін деректердің жалпы жиынын қолдану арқылы әр түрлі жүзеге асырулар, талаптар класының ITS көптеген қосымшалары үшін мемлекеттік немесе өңірлік масштабтарда едәуір кең өзара әрекеттесу мүмкіндіктері келуі мүмкін.

Мысалы, Калифорниядан Флоридаға дейінгі жолдарда көлік құралы маршруттардың таңдауы бойынша трафикалар немесе нұсқаулар туралы ілеспе ақпаратпен орналасқан жеріне арналған сілтемелерді қабылдауға және өңдеуге қабілетті болуға тиіс. Осы тәріздес, көлік құралымен тасымалдау орталығына берілетін ақпарат қолданылатын деректер жиыны типіне, олардың қоғамдық немесе жекеменшік сипатына байланысты не болмаса деректердің нақты жиынына арналған сілтемелердің ішкі механизміне байланысты кез келген қалада түсінікті болуға тиіс. LRMS спецификациялары автомобиль, теміржол және кеме транспортына арналған ITS жүйелерін қолданылады. Бұдан басқа, олар стационарлық жүйелермен деректерді алмасу кезінде орталық орындармен берілетін және қабылданытын, орналасқан жеріне арналған сілтемелер үшін қолданылуы мүмкін, мысалы, автономды немесе басқа орталық тармақтарымен немесе жаяу жүргіншілермен. Осылайша, LRMS қолданудың кең саласы мемлекеттік деңгейде ITS барлық жүйелері үшін әртүрлі құралдар кеңістікті деректер жиынын бірлесе қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. ITS жүйелерінің алуандығы салдарынан ITS қосымшаларының көпшілігі үшін қолданылатын орналасқан жеріне арналған сілтемелердің жекелеген стандарттары әзірленеді.

[B58] HTML кодының дұрыстылығын тексеру үшін W3C консорциумының қызметі.⁴³

Бұл SGML синтаксистік талдағыш базасында құрылған HTML кодын тексерудің қолайлы қызметі. Ол W3C ұсыныстарымен HTML құжаттарының және басқа HTML стандарттарының сәйкестігін тексеру үшін қолданылады.

[B59] Күндері мен уақыттары туралы W3C консорциумының ескертпесі («Күндер мен уақыттар форматы» аталған W3C техникалық ескертпе).⁴⁴

Осы құжатта күндер/уақыттар форматының көп мөлшерін сипаттайтын ISO 8601:2000 [B25] профилі анықталған. ПО жеңілдету және қателерді орнықтылау үшін қолданатын форматтардың шектелген жиынын қолдану дұрыс. Осы профиліде көптеген жағдайларда келетін күндер/уақыттар форматтар қатары анықталған.

[B60] W3C REC-html32, W3C консорциумының ұсыныстары. 1997 жылғы 14 қаңтардағы HTML 3.2 спецификациялар жөніндегі анықтамалық нұсқаулық.⁴⁵

Осы құжат W3C консорциумның ұсыныстары ретінде Директормен бекітілген және басқа мүдделі тараптармен және W3C мүшелерімен оқып зерттелген. Құжат мазмұны түзетілмейді; ол анықтамалар үшін күн, сондай-ақ басқа құжаттарда нормативтік сілтемелер үшін қолданылуы мүмкін. Осы W3C ұсыныстар спецификацияларға көңіл алу мақсатында және Web желісінде үйлесімділікті арттыруға және функционалдықты кеңейтуге әкелетін кең таратылуға олардың көмек көрсету мақсатында құрылған. Гипермәтінді белгілеу тілі (HTML) – бұл бір платформадан басқа платформаға көшіретін гипермәтінді құжаттарды құруға арналған қарапайым тіл. HTML құжаттары кең класты қосымшаларын құратын деректерді ұсыну үшін лайықты

⁴³ Егжей-тегжейлі <http://validator.w3.org> қараңыз.

⁴⁴ Егжей-тегжейлі <http://www.w3.org/TR/NOTE-datetime> қараңыз.

⁴⁵ Егжей-тегжейлі <http://www.w3.org/TR/REC-html32.html> қараңыз.

жалпы семантикасы бар SGML болып табылады. Осы спецификацияда HTML тілінің 3.2 нұсқасы анықталған. 3.2 нұсқасының HTML міндеті 1996 жылы әзірленген тәжірибелік ұсыныстар және 2.0 нұсқасының HTML спецификациясының тиісті мазмұнын олармен ауыстыру қосылған (IETF RFC 1866:1995 [B20] қараңыз).

[B61] W3C REC-xml-19980210, W3C консорциумының ұсыныстары. Белгілеудің кеңейтілген тілі (XML), 1.0 нұсқасы.⁴⁶

Белгілеудің кеңейтілген тілі (XML) –бұл SGML базасында қарапайым және оралымды тілі. Дегенмен, алғашқыда ол сериялық басылымға байланысты міндеттерді шешу үшін әзірленеді. Оның белгілеу тілі ретіндегі роль Web желісінде әр түрлі деректер ұсыну үшін үнемі өседі. XML Web базасында көптеген қосымшаларды қолдану үшін және XML (деректер туралы деректер) метадеректердің кең жиынтығына қарай ақпарат қажет адамдарға жеңілдету үшін деректерді алу үшін автоматты өңдеуге жіберетін нысанда қолданушылық клиенттерге ақпаратты беру үшін қолданылады. XML тіл ақпаратты қолданылатын тұлғалар және осы ақпарат авторлары арасындағы байланысты белгілеуді жеңілдетеді. Іздеуге немесе ақпаратпен алмасуға жататын көптеген міндеттер барлығы үшін пайдалы болатын ақпаратты ұсыну жалпы инфрақұрылымды ұсынатын XML құралдармен автоматтандырылуы мүмкін.

[B62] W3C консорциумның ресурстарын сипаттау сұлбасы (RDF, 1.0 нұсқасының сұлбалар спецификациясы, 2000 жылғы 27 наурыздағы W3C ұсыныстар жобасы)⁴⁷

Ресурстарды сипаттау сұлбасы (RDF) – мета деректерге қатысты мәселелер бойынша W3C қызмет шеңберінде W3C консорциумымен қазіргі таңда әзірленетін спецификация. RDF сұлбасы Web желісінде көптеген процестер арасында берілетін метадеректерді қолдау үшін инфрақұрылымды қамтамасыз етуге шақырылады. Ол Дүниежүзілік өрмектерде (WWW) және Интернет желілерінде метадеректерді қолдау үшін сенімді және оралымды сәулетті әзірлеу жөніндегі үйлесімді өзінің күштер, метадеректерді қолданушылар қоғамдастығымен ұсынылған. Қолданылу үлгілері сайт карталары, ішіндегісінің рейтингтері, ағымды арналарын анықтау, іздеу серверлерімен деректерді жинау (“Web crawling”), цифрлық кітапханаларды ұйымдастыру және авторлық жұмыстарды бөлу қызмет етеді.

[B63] Web желісінде HTTP хаттамасының тиімділігі туралы W3C консорциумын шолу.⁴⁸

Осы веб-бет HTTP /1.1 хаттамасының тиімділігін арттыру әдісіне арналған. Шолудың көптеген нәтижелері Jigsaw және Apache веб-серверлерінде, сондай-ақ “libwww” кітапханасында HTTP/1.1 хаттамасын жүзеге асыруын талдау барысында алынған.

[B64] Роботтарды бұғаттау.⁴⁹

Web роботтары – бұл Web желілерін автоматты түрде сканерлейтін программалар. Осы программалар үшін желіде сондай-ақ Wanderers (“кезбелер”), Crawlers (“қырықбуын”) және Spiders (“өрмекшілер”) ауызекі терминдер қолданылады.

⁴⁶ Егжей-тегжейлі <http://www.w3.org/TR/REC-xml> қараңыз.

⁴⁷ Егжей-тегжейлі <http://www.w3.org/TR/2000/CR-rdf-schema-20000327> қараңыз.

⁴⁸ Егжей-тегжейлі <http://www.w3.org/Protocols/HTTP/Performance> қараңыз.

⁴⁹ Егжей-тегжейлі <http://www.robotstxt.org/wc/robots.html> қараңыз. __

В қосымшасы
(ақпараттық)

Алдағы және қосымша әзірлемелердің әлеуетті ортасы

Осы тәжірибелік ұсыныстарда мәселелердің кең шеңбері қарастырылады, маңызды шешімдер келтіріледі және жетілдіру жөніндегі нұсқаулар ұсынылады. Төменде алдағы тәжірибелік ұсыныстардың басқа мүмкін болатын салалары тізбектелген. IBPwg жұмыс тобының мүшелері қосымша ескертулерді айтқысы келетін немесе <http://dx.doi.org/10.1041/standard/2001> сілтемесі бойынша олардың өтініш білдіруі кезінде әзірлемеге көмек көрсеткісі келетін тұлғаларға алғысы шексіз.

- Беттердің беру қауіпсіздігінің, кіру шектеуінің мәселелері және т.б.
- Ресурстарды сипаттау сұлбаларын қолдану (RDF).
- Сайттағы аутентификация. Берілетін ақпарат көзі дұрыс идентификацияланғанын анықтау механизмі (цифрлық қолға кері сілтемесі бар).
- Индекстеу. 5- және 6-бөлімдер үшін индекстеу жөніндегі барлық тәжірибелік ұсыныстар (ASC X3.285 бөлінетін деректердің метамодельдеріне арналған стандарттар талаптары есебінен және ресурстарды сипаттау жөніндегі байланысқан жұмыстар).
- Статикалық және динамикалық беттерді қолдану арасындағы компромисті таңдау жөніндегі ұсыныстар.
- Веб-беттерді әзірлеу процесіне жататын ұсыныстар.
- Олардың рейтингін бағалауға арналған сапалы әзірленген веб-беттердің көрсеткіштерін анықтау.
- XML және XSL қолдану жөніндегі қосымша арнайы ұсыныстар.
- Кіру және аударуды жеңілдетуге арналған қарапайым ағылшын фразаларын/шектеулі сөздікті қолдану.
- Электрондық коммерция құралдарын және тиісті сілтемелерді қосу жөніндегі ұсыныстар.
- Веб-беттегі немесе веб-сайттағы «жаңа» материалдарына жататын ақпаратты мүмкін болатын толықтырулар. Оған осы материалдар жаңа болып саналуы мүмкін уақыт ішінде жататын нұсқаулар және жаңа материалдардың идентификациясы бойынша нұсқаулар кіруі мүмкін. 7.7 т. навигация элементтерін қолдану немесе 7.4 т. соңғы жаңарту күнін таңдау жөніндегі ұсыныстарға байланысты олардағы осындай нұсқаулардың ойдағыдай мазмұны ұсынылады.
- G қосымшасы базалық стандарт болатын шеңберде осы тәжірибелік ұсыныстарды құруға арналған тәсілді әзірлеу, негізгі мәтінге қосылған материалдың көп бөлігі жаңа базалық стандарттың кеңінен түсіндіруі үшін қызмет етеді және Қосымшаға ауысады.
- 7.15 т. ұзындыққа және ендікке арналған форматты көрсету.
- DTD спецификациясының контекстінде TREX, RELAX және DAM1 сұлбаларын қолдануды қайта қарау және сайтта белгілеу тілін (тілдерін) қолдануды жіберуді тексеру. Осындай қайта қарау үшін осы стандарттың (кейбір) спецификацияларының дұрыстылығын тексеру талап етілуі мүмкін.

С қосымшасы
(міндетті)

XML тэгтер және HTML атрибуттар мәні

Осы құжаттың бөлімдерінде адамның оқуына да, компьютермен түсіндіруіне де арналған ақпаратты бөлу үшін нақты тэгтерді қолдану ұсынылады немесе талап етіледі (Mfield, RMfield жолдар). HTML ескі браузерлермен өңдеу үшін жарамды болатын тэгтерді қамтамасыз ету үшін HTML кодында осы жолдарды беретін SPAN, DIV тэгтері үшін немесе басқа тэгтер үшін CLASS немесе ID атрибуттерді қолдану ұсынылады.

ID атрибуты 4.0 нұсқасындағы HTML бірлескен браузерлер жағдайында бет бөліміндегі сілтемелерді (мысалы, URL/page#securitydesignation) қолдану адресі болып қызмет етуі мүмкін (осы ұсыныстарды шығару кезінде белгілі браузерлер ID атрибутінің осындай функциясын қолдамайтынын бақылаймыз). Тиісті тэгтер XML құжаттарындағы сілтемелер үшін талап етіледі. Браузерлер, арнайы программалар, брандмауэрлер және XML қолдайтын басқа қосымшалар кеңейтілген мүмкіндіктерді ұсынуға арналған немесе тиісті саясатты жүзеге асыруға арналған осындай нұсқаулар қолданылуы мүмкін. Осы тэгтердің әр түрлі ұсынуының қажеттілігі кезінде стильдердің каскадты кестелері қолданылуы мүмкін. Төменде тэгтер және осы тәжірибелік ұсыныстарда берілген атрибуттар мәні келтірілген.

Кесте

Мысалы: <h3 id="securitydesignation"> Тек ішкі қолдану үшін </ h3>⁵⁰. Мұндай нұсқау ұсынудың бірегей стилін қамтамасыз ету үшін де, сыртқы сілтемелер адресаты ретінде де қолданылуы мүмкін (4.2.3 қараңыз). Осы мысалда id атрибуты, егер ұсыну стилі маңызды болмаса, SPAN немесе DIV тэгтері қоса алғанда басқа тэгтердің қатарын бірге қолданыла алатын HTML h3 тэгі үшін қолданылады. Осы мысалда “class” атрибутын емес, “id” атрибутін таңдау бетте тек бір қорғау көрсеткіші болатын айтып көрсетеді. XML арналған ұқсас кодтың мынадай түрі бар: <securitydesignation> Тек ішкі қолдану үшін </securitydesignation>.

XML жағдайында DTD құжаты типінің тиісті сипаттарын қолдану арқылы бұдан әрі тексеру мүмкін.

⁵⁰ Осындай жағдайда class атрибутын емес, ID атрибутын қолданған дұрыс, себебі бұл CSS кестелерінің көмегімен элементті бірегей ұсынуды таңдауға және сыртқы сілтемелер үшін бірегей идентификатор бетінде беруге мүмкіндік береді. Кейбір қазіргі заманғы браузерлерде HTML 4.0 осы функциялары жоқ.

D қосымшасы (ақпараттық)

Индекстеуге және жіктеуге арналған метадеректер

D.1 Метадеректерге арналған Dublin Core ұсыныстар

Осы элементтер туралы ағымдағы ақпаратты <http://dublincore.org/> сайтынан қарауға болады.

Анықтамаларда метадеректер элементтерін сипаттаудың формалдық тәсілі қолданылады. Мұндай үстірттік әзірлеушілердің басқа топтарының мета деректерімен жақсы келісімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және Dublin Core метадеректер элементтерінің анықтамаларының ең жақсы ішкі келісушілікке, кеңейтілген қолдану саласының үлкен айқындылығына әкеледі.

Әр Dublin Core элементі деректер элементтерін сипаттау үшін ISO/IEC 11179 сериясының ([B44] – [B49] сілтемелерін қараңыз) стандарттарында берілген атрибуттер жиынтығы көмегімен анықталады. Атрибуттерге мыналар кіреді:

- Аты (Name): деректер элементіне берілген белгі.
- Идентификатор (Identifier): деректер элементіне тағайындалған бірегей идентификатор.
- Нұсқа (Version): деректер элементінің нұсқасы.
- Тіркеу органы (Registration Authority): деректер элементтерін тіркеуді орындауға уәкілетті орган.
- Тіл (Language): деректер элементтері берілетін тілді қолдану арқылы.
- Анықтама (Definition): деректер элементінің маңыздылығы және тұжырымы айқын айтылған бекіту.
- Міндет (Obligation): әрқашан немесе тек нақты жағдайларда деректер элементі қатысуға тиісті екендігін көрсетеді (мәнді құрайды).
- Деректер типі (Datatype): деректер элементінің мәнінде қолданылуы мүмкін деректер типіне көрсетеді.
- Ең жоғарғы қайталанушылық (Maximum Occurrence): деректер элементінің қайталанушылығының мөлшерлі мәніне көрсетеді.
- Түсінік (Comment): деректер элементін қолдануға жататын ескертулер.

Бақытымызға қарай, жоғарыда тізбектелген он атрибуттың алтауы Dublin Core барлық элементтері үшін жалпы болып табылады. Осы атрибуттер және олардың мәндері мынадай:

Нұсқа:	1.1
Тіркеу органы:	Dublin Core метадеректер әзірлемесінің бастамасы
Тіл:	en (ағылшын)
Міндет:	Optional (талап етілмейді)
Деректер типі:	Character String (символ қатары)
Ең жоғарғы қайталанушылық:	Unlimited (шектелмеген)

Көрсетілген атрибуттер төменде келтірілген анықтама топтарында қайталанбайды, бірақ олар элементтердің формалдық анықтамаларының бөлігі болып табылады.

Осы жерде келтірілген анықтамалар Dublin Core элементтерді ұсыну нысаны да, тұжырымдамалық сипаты ретінде кіреді. Definition анықтама атрибуті семантикалық тұжырымды сипаттайды, Datatype деректер типінің атрибуттері және Comment түсініктері – деректерді ұсыну.

Әр Dublin Core анықтамасы сипатталатын ресурсқа жатады. IETF RFC 2396:1998 [B21] ресурс «кез келген идентификацияланатын объект» ретінде анықталады. Dublin Core мета деректеріне қатысты ресурс ретінде, ереже бойынша ақпараттық ресурс немесе қызмет қолданылады, бірақ объектілердің өте кең класына осы түсінікті қолданылуы мүмкін.

Элемент: Title (атауы)

Аты: Title
Идентификатор: Title
Анықтама: Ресурсқа берілген атау.
Түсінік: әдетте Title үшін ресурстің ресми аты қолданылады.

Элемент: Creator (Автор)

Аты: Creator
Идентификатор: Creator
Анықтама: Ресурс ішіндегісін дайындауға негізгі жауапкершілік алатын субъект.
Түсінік: Мысалы тұлға, ұйым немесе қызмет жасаушы болуы мүмкін. Ереже бойынша осы элемент үшін Автор атын қолданған жөн.

Элемент: Subject (Тақырып)

Аты: Subject and Keywords (тақырыбы және түйінді сөздер)
Идентификатор: Subject
Анықтама: Ресурс ішіндегі зат.
Түсінік: Әдетте тақырыпты беру үшін түйінді сөздер, түйінді фразалар немесе ресурс ішіндегінің затын сипаттайтын жіктеу кодтарын қолданады. Қалыпты лексикадан алынған мәнді таңдау немесе жіктеудің формалды сұлбасын қолдануға ұсынылады.

Элемент: Description (Сипаттау)

Аты: Description
Идентификатор: Description
Анықтама: Ресурс ішіндегісі туралы мәлімет.
Түсінік: Сипаттауға, басқаларына басқа кіруі мүмкін: аннотация: мазмұн, ішіндегісінің графикалық ұсынуына сілтеме немесе ішіндегісін сипаттайтын еркін түрдегі мәтін.

Элемент: Publisher (Баспагер)

Аты: Publisher
Идентификатор: Publisher
Анықтама: ресурс қолжетімді болатын нәтижеге жауапты субъект.
Түсінік: Мысалы, Тұлға, ұйым немесе қызмет баспагер болуы мүмкін. Ереже бойынша осы элемент үшін Баспагер атын қолданған жөн.

Элемент: Contributor (Қатысушы)

Аты: Contributor
Идентификатор: Contributor
Анықтама: Ресурс ішіндегісін толтыруға жауапты субъект.
Түсінік: Мысалы, Тұлға, ұйым немесе қызмет қатысушы болуы мүмкін. Ереже бойынша осы элемент үшін Қатысушы атын қолданған жөн.

Элемент: Date (Күні)

Аты: Date

Идентификатор: Date

Анықтама: Ресурстың тіршілігі уақытында болатын жағдайлармен орайластыратын күні.

Түсінік: Ереже бойынша, ресурс қолжетімділігі кезеңімен немесе құрылуымен орайластырылатын күні. Күндер мәнін кодтаудың ұсынылатын тәжірибелік әдістер ISO 8601:2000 [B25] [W3CDTF] профилінде анықталған. Олар үшін YYYY-MM-DD форматы қолданылады.

Элемент: Type (Тип)

Аты: Resource Type (ресурс типі)

Идентификатор: Type

Анықтама: Ресурс ішіндегісінің түрі немесе класы.

Түсінік: Типке жалпы санаттарды, функцияларды, кластарды немесе ішіндегі агрегация деңгейлерін сипаттайтын түсінік кіреді. Қалыпты лексикадан мәнді таңдау ұсынылады (мысалы, Dublin Core [DCT1] жұмыс тізімінен). Ресурстың физикалық немесе цифрлық сипаты үшін FORMAT элементін пайдаланыңыз.

Элемент: Format (Формат)

Аты: Format

Идентификатор: Format

Анықтама: Ресурстың физикалық немесе цифрлық сипаты.

Түсінік: Әдетте форматқа ресурс тасымалдағышының типі немесе өлшемі кіреді. Формат ресурсты көрсету үшін немесе олармен жұмыс үшін қажетті программалық және аппараттық құралдарды анықтау үшін қолданылуы мүмкін. Өлшем параметрлерінің үлгілеріне өлшем және ұзақтық кіреді. Қалыпты лексикадан мән таңдау ұсынылады (мысалы, компьютерлік деректердің тасымалдауыш форматтары қосылған Интернет [MIME] тасымалдауыштар типінің тізімінен алынған).

Элемент: Identifier (Идентификатор)

Аты: Resource Identifier (Ресурс идентификаторы)

Идентификатор: Identifier

Анықтама: Осы контекстегі ресурсқа арналған бір мәнді сілтеме.

Түсінік: Ресми идентификация жүйесіне сәйкес қатарлар немесе сандар көмегімен ресурстардың идентификациясы ұсынылады. Идентификацияның ресми жүйелерінің үлгілері болып қызмет етеді: бірыңғай ресурстар идентификаторлары (URI) [ресурстардың бірыңғай көрсеткіштерін қоса алғанда (URL)], цифрлық объектілері идентификаторлары (DOI), және Халықаралық стандартты кітап нөмірлері (ISBN).

Элемент: Source (Көз)

Аты: Source

Идентификатор: Source

Анықтама: Осы ресурс алынған ресурсқа сілтеме.

Түсінік: Осы ресурс Source ресурсінен тұтастай не болмаса жартылай алынуы мүмкін. Ресми идентификация жүйесіне сәйкес қатарлар немесе сандар көмегімен ресурстарға сілтемелер ұсынылады.

Элемент: Language (Тіл)

Аты: Language

Идентификатор: Language

Анықтама: Ресурстың зияткерлік мазмұнының тілі.

Түсінік: Language элементінің ұсынылатын мәндері IETF RFC 1766:1995 [B19] [RFC1766] анықталған. Оларға қажет жағдайда елдің екі әріпті коды талап етілетін (ISO 3166-1:1997 [ISO3166] алынған) тілдің екі әріпті коды кіреді (ISO 639 (ISO 639-1:2002 және ISO 639-2:1998 қараңыз) [ISO639] стандарттарынан алынған). Мысалы: ағылшын тілі үшін “en”, француз тілі үшін “fr” және Ұлыбританияда жалпы қолданылатын ағылшын тілінің нұсқасы үшін “en-uk”.

Элемент: Relation (Қатынас)

Аты: Relation

Идентификатор: Relation

Анықтама: Байланысқан ресурсқа сілтеме.

Түсінік: Идентификацияның ресми жүйесіне сәйкес қатарлардың немесе сандардың көмегімен ресурстарға арналған сілтемелер ұсынылады.

Элемент: Coverage (Қолдану аймағы)

Аты: Coverage

Идентификатор: Coverage

Анықтама: Осы ресурс ішіндегісін қолдану салалары немесе шекаралары.

Түсінік: Ереже бойынша, осы элементке кеңістікті орналасқан жері (облыс атауы немесе оның географиялық координаттары), уақытша кезең (кезеңді белгілеу, күн немесе күндер ауқымы) немесе юрисдикция (мысалы, аталған әкімшілік құрылым) кіреді. Қалыпты лексикадан мәнді таңдау (мысалы, географиялық атаулар анықтамалығынан [TGN]) және, егер күндердің координаттары мен ауқымдарының жиынтығы сияқты осындай сандық идентификаторлары емес, бұл деректі орналасқан жерлерді және уақыт интервалдарын қолданса ұсынылады.

Элемент: Rights (Құқық)

Аты: Rights Management (Құқықтарды басқару)

Идентификатор: Rights

Анықтама: Жекеменшік құқықтықтары және осы ресурсты беру құқықтары туралы ақпарат.

Түсінік: Ереже бойынша, осы элементке осы ресурсты иелік ету құқығы туралы өтініш немесе тиісті ақпаратты әкелуі мүмкін қызметке арналған сілтеме кіреді. Құқықтар туралы ақпарат өзіне зияткерлік жекеменшікке арналған құқықтар (IPR), авторлық құқық туралы және басқа мүлктік құқықтар туралы мәліметті жиі қосады. Егер Rights элементі болмаса, осы ресурсқа жататын осы және басқа құқықтар мәртебесі туралы ешқандай болжамдар жасау мүмкін емес.

Е қосымшасы (міндетті)

Роботтарды бұғаттау

Роботтарды бұғаттауға жататын спецификациялар туралы ағымдағы ақпаратты <http://www.robotstxt.org/wc/robots.html> бетінен табуға болады (роботтарды бұғаттау сілтемесін қараңыз [B64]).

Сипатталған тәсіл «ерікті» болып табылады және Web индекстеу қызметтерінің нақты ережелерін сақтауды талап етеді. Бірінші осындай қызметтер 1994 жылы пайда болды, сондықтан олардың көпшілігі екі әдісті де қолданады (дегенмен алғашқыда сайт деңгейінің басқару құралдары аса таратылған болды).

Е.1 Беттер деңгейінде бұғаттау

HTML “Robots” метатэг авторларға роботтарға құжатты индекстеу қажеттілігін және оны қосымша сілтемелерді өндіру үшін қолдануға болатындығын нұсқауларды келтіруге мүмкіндік береді. Сервер әкімшісінен ешқандай әрекеттер қажет емес.

Мысалы, `<metaname="ROBOTS" content="NOINDEX, NOFOLLOW" />` жағдайында робот құжатты индекстеуге, оны сілтемелерге талдауға тиіс емес.

Е.2 Сайт деңгейінде бұғаттау және басқару

Сайт шегінде не болмаса беттердің таңдалған жиынтығы шегінде роботтарды бұғаттау үшін қолданылатын әдіс роботтардың кіру саясатын анықтайтын файл серверінде құрудан тұрады.

Бұл файл “/robots.txt.” атауымен локальды URL –да HTTP хаттамасы бойынша қолжетімді болуға тиіс. Файл CR (каретка қайтуы), NL (жаңа қатар) немесе CR/NL символдарымен аяқталатын бір немесе бірнеше бос қатарлармен бөлінген бір немесе бірнеше жазбалардан тұрады.

Әр жазба мынадай қатардан тұрады:

`<жол>:<міндетті емес пробелдер><мән><міндетті емес пробелдер>`

Қатарлар атауында әріптер регистрі ескеріледі.

Файл IEEE Std 1003.1-2001 [B6] стандартына сәйкес енгізілетін комментарийлерден тұруы мүмкін. Келісім болған жағдайда, UNIX жүйесіндегі Shell қабықшасында қолданылатын “#” символы олардың алдында бос орындар болуы мүмкін екендігін көрсету үшін қызмет етеді және барлық символдар олардың соңынан қатарлардың соңына дейін қалдырылуға тиіс. Тек комментарийлері бар қатарлар тұтастай қалдырылады және сонымен жазбаның соңы екендігін білдірмейді.

Жазба Е.2.1 сипатталғандай Disallow тыйым салудың бір немесе бірнеше қатарларын алға қоятын User-agent қолданушылық агенттерінің бір немесе бірнеше сипаттау қатарларынан басталады. Байқалмаған тақырыптар көңілге алынбайды.

Е.2.1 User-agent қатары

Осы қатардың мәні кіру саясаты осы жазбада сипатталатын роботтың атауы болып табылады. Егер user-agent бірнеше қатарлары болса, жазба бірнеше роботтар үшін бірдей кіру саясатын анықтайды. Осы қатарды түсіндіру кезінде роботқа мәндерді дәлме-дәл салыстырмаған жөн. Егер мән ретінде “*” қолданылса, жазба басқа жазбалардың бірде біріне келмейтін барлық роботтар үшін қолданылатын баптау бойынша кіру саясатын береді. “/robots.txt” файлда тек “*” мәні бар бір ғана жазба жіберіледі.

Е.2.2 Disallow қатар

Осы қатардың мәнін роботпен сканерлеу орындалуға тиісті URL көрсеткіштің шаблонны береді. Толық жол не болмаса жартылай жол қолданылуы мүмкін: соңғы жағдайда осы мәндерден басталатын URL барлық көрсеткіштер қосылмайды. Мысалы, Disallow: /help “/help.html”, “/help/index.html,” а Disallow: /help/ “/help/index.html” тыйымға әкеледі, бірақ “/help.html.” емес. Бос мән барлық URL рұқсат етулерін білдіреді. Осы жазбада кем дегенде disallow тыйым салуының бір жолы болуға тиіс.

“/robots.txt” бос файлдың болуы қандай да бір айқын емес нұсқауларды білдірмейді, және осы файлдың балама болмауын, яғни барлық роботтарға кез келген кіруіне рұқсат етулеріне білдірмейді. Тік бір файлды /robots.txt анықтауға болады. “disallow:” қатарларында қосалқы белгілерді немесе жүйелі өрнектерді қолдануға болмайды, және файл форматымен “allow:” қатарының мәні бойынша қарама-қарсылық қарастырылмаған.

Ғ қосымшасы
(ақпараттық)

Құпиялылық туралы өтініш мәтіні

Веб-сайттар үшін әзірленген құпиялылық саясаттарында (4.2.6 т. қараңыз) веб-сайты болатын шеңберіндегі юрисдикцияларды немесе юрисдикцияны, сондай-ақ сайттың мақсатты аудиториясын немесе тіркелген қолданушыларын ескерген жөн. Биліктің әр түрлі ұйымдарымен және органдарымен құпиялылық туралы өтінішті және құпиялылық саясатын анықтайтын принциптердің қатары қабылданды. Төменде осы мәселе бойынша бірнеше сілтемелер келтірілген.

АҚШ Сауда министрлігінің Safe Harbor программасының сайты:

<http://www.export.gov/safeharbor/index.html>

Бұл программа құпиялылықты қамтамасыз ету жөніндегі еуропалық директиваның талабына жауап беретін АҚШ аумағында болатын штаб-пәтерлері бар ұйымдардың қызмет бағытын анықтайды.

Еуропалық Комиссия

95/46/ЕС Директивасына сәйкес үшінші елдің азаматтарына жеке ақпаратты беруге қатысты келісімдердің стандартты қағидалары:

http://europa.eu.int/comm/internal_market/en/dataprot/news/index.htm

Ақпаратты қорғауға қатысты жалпы талқылауларды мынадай сілтемелер бойынша табуға болады:

http://europa.eu.int/comm/internal_market/en/dataprot/index.htm

Ақпарат құпиялылығын қамтамасыз етуге жататын АҚШ заңдары және Федералдық сауда комиссиясының актілері (әсіресе COPPA- он-лайн режимінде балалармен берілетін ақпарат құпиялылығын қорғау туралы Акт):

<http://www.ftc.gov/privacy/index.html> (жасы 13 жасқа жетпеген тұлғалар туралы ақпарат).

Құпиялылықты қорғау және шекарадан жеке ақпаратты беру жөніндегі ОЭСР жетекшілік ететін нұсқаулары: <http://www1.oecd.org/dsti/sti/it/secur/prod/PRIV-EN.HTM>

95/46/ЕС Директивасының қағидаларын жүзеге асырудың негізі болып табылатын және Еуропалық Одақ пен АҚШ Сауда министрлігі арасындағы пікірлер алмасу барысында әзірленген құпиялылықты қорғау принциптері (Safe Harbor) төменде тізбектелген.

Ұйымдар Safe Harbor қорғаудың мынадай жеті принциптеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс:

Хабарлама. Ұйымдар жинау мақсаты туралы және оларды жеке ақпаратқа қолдану туралы барлық тұлғаларға хабарлауға міндетті. Ұйымдар осы тұлғалар жеке ақпарат берілетін үшінші тараптар туралы мәлімет, сұраныстар немесе шағымдар мақсатында ұйымдармен байланысқа түсе алатыны туралы мәлімет, сондай-ақ осы ақпаратты қолдануды және таратуды шектеу үшін ұйымдармен ұсынылған таңбау және құралдар нұсқалары туралы мәлімет ұсынуға тиіс.

Таңдау. Ұйымдар барлық тұлғаларға олардың жеке ақпараты үшінші тараппен ашылуы мүмкін екендігін немесе ақпараттың бастапқы жинауы жүзеге асырылуға үйлесімді емес мақсатты қолданылатынын және осы тұлғаның уәкілеттілігін жүйелі ұсынуды таңдау мүмкіндігін ұсынуға тиіс. Аса маңызды ақпарат үшін растау немесе айқын таңдау міндетті, бұл ақпарат үшінші тарапқа берілетінін немесе бастапқы мақсаттан ерекшеленетін мақсатта қолданылатынын немесе тұлға уәкілеттілігімен жүйелі ұсыну мақсатында қолданылатынын білдіреді.

Бұдан әрі беру (үшінші тұлғамен беру). Үшінші тұлғаларға ақпаратты беру кезінде ұйымдар жоғарыда келтірілген хабарлама және таңдау принциптерін қолдануға тиіс. Егер

ұйымдарға сенімді тұлға (1) ролін атқаратын үшінші тарапқа ақпаратты беру қажет болса, ол Safe Harbor принциптерін, Директива талаптарын немесе басқа тиісті ресми шешімдерін үшінші тарап орындауды онымен қамтамасыз ету жағдайында осындай беруді жүргізуге болады. Альтернатива ретінде ұйым үшінші тарап кем дегенде құпиялылықты қорғау деңгейін және қолданылатын принциптерде қажеттілерін қамтамасыз етуге міндеттенетін үшінші тараппен жазбаша келісім жасай алады.

Кіру. Тұлғалардың ұйымда сақталатын жеке ақпаратқа кіру мүмкіндігі болуға тиіс, сондай-ақ ақпаратты оның дәл еместігі жағдайында, егер басқа тұлғалармен құқықтар бұзылған кезде осы тұлға үшін құпиялылықты бұзу қатерлерімен болатын кіруді ұсыну күрделілігі немесе құндылығының басқа жағдайларында ақпаратты өзгертуге немесе жоюға, түзетуге мүмкіндігі болуға тиіс.

Қорғау. Ұйымдар тиісті қолданылмайтын немесе шығыннан, сондай-ақ рұқсат етілмеген қатынаудан, жария қылулардан, өзгерістерден немесе жоюлардан жеке ақпаратты қорғау мақсатында ескерту шараларын қолдануға тиіс.

Деректердің тұтастығы. Оны қолдану үшін қойылатын міндеттер үшін жеке ақпарат лайықты болуға тиіс. Ұйымдар олардың дәлдігін, толықтылығын және өзектілігін қамтамасыз ету, қолдану бойынша оларды қолдану кезінде деректердің дұрыстылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті шараларды қабылдаған жөн.

Орындауға әкелу. Safe Harbor құпиялылығын қорғау принциптеріне сәйкес қамтамасыз ету үшін болуға тиіс а) шешімдерді қарауды және шығаруды қамтамасыз ететін дау-дамайларды шешудің оңай қолжетімді және аз шығындалатын тәуелсіз механизмдер, сондай-ақ сот органдарының тиісті шешімдері немесе жеке сектордың бастамалары кезінде осы тұлғамен келіспеушілік немесе кез келген шағымдар кезінде шығынды өтеу;

b) Іске қосылған компанияларда Safe Harbor принциптеріне сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүзеге асырылғанын тексеру процедуралары; және

c) Осы принциптерге сәйкестігінің болымсыздығына байланысты проблемаларды жою жөніндегі міндеттер.

Осы принциптерге сәйкестігін сақтамаған кезде ұйымдарға арналған шаралар біршама қатаң болуға тиіс. Жекеменшік сертификаттау туралы жыл сайын хат ұсынбайтын ұйымдар қатысушылар тізімінен алынып тасталуға тиіс және Safe Harbor программасының артықшылықтарын қолдана алмайды.

G қосымшасы
(ақпараттық)

Талаптардың бақылау тізімі

G.1 Талаптардың бақылау тізімі туралы кіріспе ескертулер

Осы тәжірибелік ұсыныстардың деректерінің негізгі мазмұнында айтылған талаптар осы мәлімет тізімінде келтірілген талаптарға салыстыру бойынша жоғары басымдығы бар. Нақтылау және түсіндіру туралы мазмұнның нақты бөлімдерін қараңыз.

Осы қосымшада сапалы әзірленген веб-сайттарға жататын IEEE Std 2001-2002 стандарттың бақылау талаптарының тізімдері келтірілген. Талаптар тұжырымы негізгі мазмұнда айтылғанға сәйкес келетін тәртіпте тізбектелген. Кейбір бекітулердің тұжырымында бастапқы контекстен тыс оларды қолдану кезінде осы бекітулер айқын болуы үшін ең төменгі өзгерістер енгізілген.

Бақылау тізіміндегі талаптар құжаттың негізгі мазмұнының бөлімдері/бөліктері бойынша топталған. Егер бірнеше бөліктерде талаптардың шамалы саны болса, осы бөліктердің талаптары бір топқа біріктірілген. Егер бір топта бірнеше бөліктердің талаптары мазмұндалса, әр талаппен бірге бөлім немесе бөлік нөмірі келтіріледі.

G.2 Веб-беттерді құру құралдарының сәйкестігі (1.3.2 т.)

Осы тәжірибелік ұсыныстарға сәйкес келетін веб-беттерді құру құралы төменде тізбектелген талаптардың барлығын қанағаттандырады:

а) Бұл құрал W3C Консорциумының XHTML құжаттарының DTD және HTML арналған басқа DTD немесе XML DTD сипаттауы бойынша ұсыныстарға сәйкес келетін беттерді өндіреді, қолданылатын DTD және оларды қолдану ережелерін құжаттайды.

б) Ұсыныстарға сәйкес келетін құрал қолданушымен таңдалған DTD сипаттауына сәйкес беттер өндіріледі.

с) 3.2 нұсқасының және соңғы нұсқалардың HTML үшін, сондай-ақ XML үшін құрал 1.0 және жоғары нұсқасының (CSS) стильдердің каскадты кестелерді қолдайды немесе XSL қолдайды. Екі жағдайда да осы функцияның қолданылуы құжаттандырылады және жүзеге асырылған ұсыныстар көрсетіледі.

д) Бұл құрал осы тәжірибелік ұсыныстарда келтірілген барлық талаптарды, ұсыныстарды және опцияларды қанағаттандыратын беттерді өндіреді. Қолданушының таңдауы бойынша ұсыныстарға сәйкес келмейтін беттер жасалуы мүмкін (бұл ретте бетте IEEE 2001 тег қолданыла алмайды).

е) Осы құрал қолданушымен таңдалған DTD сипатының ішіндегісіне сәйкестігін тексеруді ұстайды.

G.3 Нормативтік сілтемелер (2-бөлім)

Осы тәжірибелік ұсыныстар мынадай жариялымдармен бірге қолданылуға тиіс. редакциялармен мақұлданған төменде келтірілген жариялымдарды ауыстыру жағдайында осы мақұлданған редакциялар қолданылуға тиіс. Ақпаратты библиографиялық сілтемелер А қосымшасында келтірілген. Осы тәжірибелік ұсыныстарда жариялым сәтінде қолданылатын Бірыңғай ресурс көрсеткіштері (URL) қолданылады. URL нормативтік және ақпараттық сілтемелік көрсеткіштерінің тізімі мына адрес бойынша қолжетімді: <http://dx.doi.org/10.1041/standard/2001/2002/references>.

36 CFR 1194 – Электрондық және ақпараттық технологияларға арналған қолжетімділікті қамтамасыз ету стандарттары, Федералдық тізілім 2000 ж 21 желтоқсан; АҚШ федералдық қаулыларының жиынтығы (CFR).

1.0 аспаптық авторлық құралдарға арналған қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі жетекшілік ететін нұсқаулар, 2000 ж 3 ақпандағы W3C ұсыныс, Веб-беттерді жасау құралдарына арналған қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар.

Стильдердің каскадты кестелері, 1-деңгей, 1996 ж 17 желтоқсандағы W3C ұсыныс, 1999 ж 11 қаңтарда қайта жасалған редакция.

HTML 4.01 спецификациялар, 1999 ж 24 желтоқсандағы W3C ұсынысы.

ISO 639-1:2002, Тілдер атауларын ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. 2- алфавиттік кодтар.

ISO 639-2:1998, Тілдер атауларын ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. 3- алфавиттік кодтар.

ISO 3166-1:1997, Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөліктерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары.

ISO 4217:2001, Валюталарды және ақшалай қаражаттарды ұсынуға арналған кодтар.

W3C REC-CSS2-19980512, Стильдердің каскадты кестелері бойынша W3C ұсыныс, 2-деңгейге арналған CSS2 спецификациясы. 1998 ж 12 мамырдағы W3C ұсыныс.

Веб-құжат W3C WAI 19990505, W3C ұсыныс, 1,0 веб- құрамының қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жетекшілік ететін нұсқаулар, веб-беттердің авторларына арналған WAI бастамасының жетекшілік ететін нұсқаулары, W3C, 1999 ж 5 мамыр.

XHTML™ 1.0: Гипер мәтінді белгілердің кеңейтілген тілі. XML 1.0 терминдерінде HTML 4 жаңа тұжырымы. 2000 ж 26 қаңтардағы W3C ұсыныс.

G.4 Жобалау тәжірибесі (4-бөлім)

a) Сапалы әзірленген веб-сайт жобасының жоспарында веб-сайттың ең төменгі және ең жоғарғы бағалау уақытша ресурсына жататын пікірлер ескерілуге тиіс.

b) Сапалы әзірленген веб-сайттарда осы ақпарат қажетті тұлғаларға нақты ақпаратты ұсынуға байланысты сапалы әзірленген веб-сайттың мүмкіндіктерін бағалау үшін жарамды көрсеткіштердің жиынтығы берілуге тиіс.

c) Әдетте сапалы әзірленген веб-беттерде қатысатын навигация элементтері, батырмалар, қолданушыға көрінетін дененің мета деректері және басқа элементтер түрдің және функциялардың біркелкілігін қамтамасыз етумен сәйкес, сондай-ақ сапалы әзірленген веб-беттерде біркелкі орналасуына сәйкес таңдалуға тиіс.

d) Әзірлеу кезінде клиент және сервер ортасының сипаттамасын ескеруге тиіс.

e) Веб-сайтпен қолданушылардың өзара әрекетін сынау үшін беттердің сынамалы нұсқалары әзірленуге тиіс. Жоғары жүктеме режимінде сынау бөлігі сайтты пайдалану уақытында қолданылатын серверлермен ұсталатын тез әсер ету және масштаб функцияларын бағалау үшін қызмет етуге тиіс.

f) IEEE 2002 жылғы жобаның базасында IEEE стандарты жарияланғаннан кейін сапалы әзірленген веб-сайтта осы стандартта мазмұнданатын қауіпсіздік жөніндегі тәжірибелік ұсыныстар ескерілуге тиіс.

g) Сапалы әзірленген веб-беттерде беттің күні, оның жарамдылық мерзімінің өту күні және байланыс мекенжайы келтірілуге тиіс.

G.5 Қолданушылардың мақсатты қоғамдастығы (4.1.1 г)

a) Веб-сайт дизайнерлері осы сайтты қолданушылардың бір немесе бірнеше мақсатты қоғамдастығын анықтауға тиіс, және осы анықтаманы құжаттауға тиіс.

b) Әзірлеме барысында қолданушылардың осы мақсатты қоғамдастығымен қолданылатын клиент орталары ескерілуге тиіс. Клиент ортасын бағалау кезінде әр түрлі қолданылатын браузерлер, қосымша мүмкіндіктер (мысалы сценарийлер, байт-кодтар, графика және т.б), сондай-ақ байланыс арнасының ені ескерілуге тиіс.

c) Жүзеге асыру құралдарын таңдау (мысалы, серверлер, генераторлар және HTML таңдалған «деңгейлері», CSS, XML, сценарийлер және т.б) қолданушылардың мақсатты қоғамдастығы мүмкіндіктерін осы бағалауға негізделуге тиіс.

d) Алда қолдану үшін дизайнер веб-сайттың мақсатты ортасының шекараларын құжаттауға тиіс.

е) Құжаттамаға өндірілетін беттер пішімі туралы қағидалар, оның ішінде нұсқалар туралы деректер (және кейбір жағдайларда ерекше функциялар туралы) HTML, CSS, және XML, сипат немесе DTD XML сипаты, графикалық пішімдер және нұсқалар және/немесе сценарийлер үшін шектеулер және /немесе байт-кодтар орындалу туралы мәлімет табиғи тіл туралы (символдық терімдерді көрсету арқылы), байланыс арнасының ені бойынша пікірлер, сондай-ақ осы тәжірибелік ұсыныстарда сипатталған немесе жобалау кезеңінде анықталған басқа сипаттамалар туралы мәлімет кіруге тиіс.

G.6 Басқа тармақшалар 4.1 т (Жалпы талаптар)

а) Сапалы әзірленген веб-сайттың дизайны барлық сайт бойынша навигация қажеттілігісіз өзгертілген учаскелердің идентификациясының айқын тәсілін қарастыруға тиіс (4.1.2 қараңыз).

б) Сапалы әзірленген веб-сайттардың бағалау көрсеткіштері қолданушылардың мақсатты қоғамдастығымен анықталған бағалаулардан және ұсынылатын ақпарат типінен шығарылуға тиіс (4.1.3 қараңыз).

